

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

Г.М. АДАМБАЕВА

«Қазақ тілінің стилистикасы» пәні бойынша
студенттерге арналған
дәрістер мен тапсырмалар жинағы»

Ақтау – 2010

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2 Қаз – 5 я 73
Қ 17

«Қазақ тілінің стилистикасы» пәні бойынша студенттерге арналған дәрістер мен тапсырмалар жинағы» / Құраст: Г.М.Адамбаева – Ақтау, 2010 – 75 б.

Пікір айтушы: ф.ғ.д., профессор Б.І.Нұрдәулетова

ISBN 978-601-7276-12-6

«Қазақ тілінің стилистикасы» пәні бойынша дәрістер мен тапсырмалар және ұсынылатын әдебиеттер тізімі берілген. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарына арналған.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған.

УДК 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2 Қаз – 5 я 73

ISBN 978-601-7276-12-6

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ

Алғы сөз

Стилистика жоғары оқу орындарының қазақ филологиясында көп жылдардан бері пән ретінде өткізіліп келеді. Соңғы жылдары стилистика қазақ филология факультетінің қазақ бөлімінен басқа да бөлімдерге енгізілді. Стилистика ғылым ретінде тіл білімімен тығыз байланысты, сондықтан да стильдерге сараланады, олардың айырым белгілері дараланып, ұқсас жақтары болса, оның себебі түсіндіріледі.

Стилистика тілмен байланысты ғылым болғандықтан, сөйлеу тілі, әдеби жазба тілі, оның әрбір салаларындағы стильдерін қамтиды. Әдеби жазба тіл стильдерінің өзі ресми іс қағаздар стилі, ғылыми стиль, публицистика (газет-журналдар, телевизор, радио хабарлары) стилі, көркем шығарма стилі болып бөлінеді.

Стилистика, сөйлеу тілі, жазба тілмен тығыз байланысты болғандықтан, қарым-қатынас, хабарлау, әсер ету құралдары болып табылатын тілдік элементтердің (дыбыс, сөз, сөз тіркестері, екпін, интонация, т.б.) сөйлеу, жазба барысындағы белгілі бір әдеби нормаға сай дұрыс та әсерлі қолданылуын, көңілдегі көрікті ойдың тіл арқылы айқын да анық жеткізілуін, эмоционалды-экспрессивтік мәні бар амал-тәсілдері орынды, тиімді болу жақтарын мақсат етеді. Сондықтан стилистика пәні сөйлеу сөйлеу, жазу барысындағы тілдік амал-тәсілдердің – сөз жасау, сөздерді түрлендіру, сөйлем құрау т.б. дұрыс жұмсалып жағын үйрету стилистиканың негізгі міндеті саналады.

Стилистика – тіл білімінің негізгі салаларының бірі. Тілдік элементтердің дұрыс, әсерлі қолданылуын өзінің объектісі ретінде стилистика тіл білімінің барлық салаларымен тығыз байланысты. Ол сөз ішіндегі дыбыстардың жүйелі жұмсалынуын, орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтардың нормасын, сөз мағыналарының жүйелі қолданылуын, морфологиялық сөз тұлғалары мен грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдердің әр түрлі конструкцияларының айтылмақ ойға сай жүйелі де әсерлі болу жағын үйрететіндіктен, тіл білімінің барлық салаларымен (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис) тығыз байланысты, олардан көп жоғары тұрады. Стилистикалық мәселелерді қарастыруда, көркем шығарма тіліне лингвистикалық талдау жасаумен қарастырмайтын, онымен байланыспайтын тіл саласы жоқ. Пунктуациялық стилистиканың атқарар қызметі зор. Тіпті тілдің тарихи тұрғыдан қалыптасуында стилистика объектіден тыс қалмайды. Стилистика тіл мәдениетімен де тығыз байланысты. Тіл мен әдебиет филология ғылымдары ретінде осы стилистика пәнінде түйіседі. Себебі жазушы таңдаған тақырып шығарманың бүкіл құрылымынан (конструкциясы) туған жағымды, жағымсыз кейіпкер, табиғат көрінісі, белгілі бір ортаның суреті, оған деген көзқарас бүкіл шығарманың идеясы тілден, оны әсерлі жеткізу мақсатындағы көріктеу тәсілдерінің (стилистикадан) тыс болуы мүмкін емес. Олай болса, болашақ білікті маман дайындауда стилистиканың мәні зор. Пәнді үйретудегі міндеттер: студенттерді стилистиканың негізгі мәселелерімен, стильдерді тілдік ұйымдастыру ұстанымдарымен, тілдік құралдарды сөйлеуде қолдану заңдылықтарымен таныстыру.

Бірінші дәріс

Стилистиканың жалпы мәселелері

1. Стилистиканың анықтамасы, лингвистикалық пән ретінде қалыптасуы, зерттейтін мәселелері, алдағы міндеттері, оны оқытудың маңызы.
2. Стилистиканың жалпы тіл білімінде, оның ішінде қазақ тілінде зерттелу дәрежесі, ғылым саласы ретінде қазіргі дамуы туралы.
3. Стилистиканың зерттеу нысаны, салалары, тіл біліміндегі алатын орны.
4. Стилистика мен тіл мәдениетінің арақатынасы. Әдеби норма және стилистикалық нормалар.

1) Стилистика - тіл білімінің бір саласы. Оның тарихы Ресейде әріден басталғанмен, қазақ тіл білімінде стилистика мәселелерін зерттеуге жаңа-жаңа көңіл бөліне бастады. Қазақ тілі стилистикасының мәселелері арнайы зерттеу нысаны бола алмай келді. Сонда да қазіргі қазақ оқулықтары мен оқу құралдарында және көркем шығарма тілі жайында жазылған еңбектерде тіліміздің кейбір стильдік құбылыстары жайында жазылған азын-аулақ пікірлерді кездестіруге болады. Орыс тіл білімінде стилистика мәселелерінің зерттелуі ХХ ғасырдың 50-жылдардың ортасында қолға алынып, функционалды стилистика деген ғылым саласы пайда болып, оны тілдің коммуникативтік, эстетикалық қызметімен, қолданылу мәселелерімен тығыз байланыста қарастыра бастады. Солардың ішінен А.М.Пешковский, Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Г.В.Винокур, А.Н.Гвоздев, А.И.Ефимов, В.П.Мурат сияқты зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. Көрнекті орыс ғалымы В.В.Винаградов стилистиканы «тілді зерттеудің биік шыңы, ұлттық тіл мәдениетін арттырудың арттырудың теориялық негізі» дейді.

Стилистикадағы негізгі ұғымдардың бірі - с т и л ь. Оны осы күнге дейін әркім әр түрлі түсінеді. Себебі стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп. Стиль - латынша *stylos* (қазақша - жазу құралы) деген сөз. Латын тілінде кейіннен стиль сөзі "жазу мәнері" деген мағынада қолданылатын болған.

Оның осы мағынасы Европа білімпаздарының арасына көп тараған. Орта ғасырларда Грецияда, Римде с т и л ь - сөзге сендіру, нандыру тәсілі, стилистика - риторика (шешендік) өнері болып саналған. Үнді оқымыстылары стильді мәнерлеп сөйлеу, ал стилистиканы мәнерлеу туралы ғылым деп есептеген. Кейін, ұлттық әдеби тілдің қалыптасу дәуірінде, кейбір елдерде стиль белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құрал деген ұғымда қолданылды. Бұл ұғым Россияға да кең тараған болатын. Мысалы, Ломоносовтың үш стилі (жоғары, орташа, төмен) осы жанрлық принципке негізделген.

Сөйтіп, лингвистикада "стиль" жазу мәнері, сөзге сендіру тәсілі, мәнерлі сөйлеу және белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құралдар жүйесі деген сияқты көптеген мағынада қолданылып келген. Ал стилистика көбінесе шешендік өнері туралы ғылым ретінде танылған. Ол тек ХХ ғасырдың бас кездерінде ғана шешендік өнерінен бөліне бастайды. В.Г.Белинский былай дейді: "Сөйлеу

өнерінің, әсіресе жазу өнерінің, зерттеуді өте қажет ететін өзінің техникалық жақтары бар". Белинскийдің пікірінше, тіл өнерінің осы "техникалық жақтары", яғни тілдің қолдану тәсілдері мен заңдылықтарын зерттеу мәселесі (риторика емес), стилистиканың үлесіне тиеді. Бірақ стильдің жалпыға танылған белгілі анықтамасы әзірге жоқ. *Стиль* терминінің алғашқы мағыналары қазір де жойылмағандықтан сол ұғымдар негізінде стилистиканы тіл білімінің маңызды саласының бірі деп тануға болады; стилистиканы дербес пән ретінде оқытудың мәні зор.

Стилистика - ең алдымен с т и л ь туралы ғылым. *Стиль* деп белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін айтамыз. Бір ұғымды айтып, не жазып жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдануға болады. Бұл ретте әсіресе тіліміздегі синонимдер мен оның варианттары көбірек пайдаланылады. Мұндай синонимдердің түрі әр алуан: лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдер, морфологиялық синонимдер (варианттар) мен синтаксистік синонимдер.

2) Қазақ тілі стилистикасына жанама қатысы бар зерттеулер өткен ғасырдың 30-40 жж. көріне бастады, негізінен, оларда аударма мәселесі және көркем әдебиеттің тілі, стилі сөз болады. Мұндай саладағы зерттеулер өткен ғасырдың соңғы жылдары кең өріс алды, әдеби тілдің ерекшеліктеріне баса көңіл қоя бастады.

-Фольклордың тілі – Н.Адамбаева, Е.Жұбанов, Т.Қордабаев;

- Абай тілі - Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Р.Сыздықова;

М.Әуезовтің тілі – М.Балақаев, К.Аханов, Е.Жанпейісов, М.Серғалиев;

- Ғ.Мүсіреповтің тілі – М.Серғалиев, Б.Шалабай т.б. ;

-Ә.Кекілбаев, М.Мағауин тілі – Р.Сыздықова және т.б. .

Ғылым Академиясының "Вопросы языкознания" журналы ұйымдастырған екі жылдық дискуссия материалдарына байланысты қазақ тілі стилистикасы да көптеген мәселелерді қарастыра бастады, сөйтіп стилистикалық зерттеулер жарық көре бастады. Мұндай ізденістер функционалды стилистика мен тіл құралдары стилистикасының проблемаларын зерттеуді мақсат етеді. Мәселен, кейбір еңбектер:

- қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз тілінің (Б.Әбілқасымов),

- кеңес дәуіріндегі баспасөз тілінің (С.Исаев),

- қазақ ауызекі сөйлеу тілінің (Р.Әмір),

- қазіргі кездегі баспасөз тілінің (О.Бүркітов, А.Алдашева, Б.Момынова),

- көркем әд. тілінің (Р.сыздық, Е.Жанпейісов, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Х.Кәрімов) ерекшеліктерін сөз етеді.

Енді бір топ еңбектерде синтаксистік конструкциялар, атап айтсақ, синтаксистік синонимдер (М.Серғалиев), сөйлем мүшелері (Ш.Бектаева, О.Күлкенова, М.Шаяхметова) стилистикалық зерттеуге арналды. Сол сияқты автор сөзі, төл сөз құрылымындағы стильдік ерекшеліктер де сөз етілуде.

Сөздердің лексика-грамматикалық топтарының да, айталық, зат есімнің стильдік мүмкіндіктері (Ф.Мұсабекова), проза тіліндегі етістіктің стилистикасы (Г.Әзімжанова), есімдік сөздердің стилі (Р.Сағынбаева) т.б. ғалымдар біршама

зерттеді. Сонымен бірге стилистикасын оқытудың әдістемесі қарастырылып, ол жайында еңбек жарық көрді (А.Жапбаров).

Мұндай стилистикалық еңбектердің жарық көруі, дискуссия, конференциялардың ұйымдастырылуы (1968 ж. Ашхабадта «СССР халықтары әдеби тіліндегі стильдік жүйенің дамуы», 1984 ж. Алматыда «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» т.б.) стилистиканың дербес ғылым саласы болып әбден қалыптасуына себепші болды. Бұған қоса ЖОО филология факультеттерінде қазақ тілі стилистикасы міндетті пән ретінде өтілетіндіктен тұрақты оқулық, бағдарламалар, әдістемелік құралдар көптеп шығарыла бастады. Ғылым саласы ретінде қазіргі дамуы, дәрежесі біршама көтерілді, бұған дейінгі кехзендермен салыстырғанда, қазір тілді стильді-функционалды тұрғыдан зерттеуге баса көңіл бөлініп келеді.

3) Стилистиканың зерттеу нысаны – лексика-фразеология, грамматика және фонетика қарастыратын тілдік тұлға бірліктер. Бірақ тіл білімінің бұл салалары тілдік единицалардың стильдік сапасын қарастырмайды.

Сөйлеуде (речь) сөз бен сөйлем құрылысының дұрыс және айқындығының үстіне, дыбыс үйлесімділігі (благозвучие) болуы да шарт. Дыбыс үйлесімділігі, біріншіден, біркелкі дыбыстардың бір жерге жиналуынан сақтандырса, екіншіден, сөйлеудің мәнерлілігін арттырады. Сондықтан дыбыс үйлесімділігі оқуға және тыңдаушының қабылдауына үлкен жеңілдік туғызады. Мысалы дыбыстардың мәтін ішіндегі қайталануы (ассонанс, аллитерация), интонация, екпін, оның түрлері – стилистикалық ресурсқа ие фонетикалық құралдар. Бұл - **фонетикалық** тәсілдердің практикалық мәні.

Лексикология және стилистика. Лексикология сөздердің шығу тегін, сөз құрамын, көп мағынылылық, ауыспалы мағынылылық, синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарларда жұмсалуды, көнерген, тарихи сөздердің, жаңа сөздердің әр түрлі мақсаттарда жұмсалуды - бұлардың бәрі лексикалық стилистиканың мүмкіндіктерін көрсетеді. Сонымен бірге ол сөздердің қолданылу заңдылықтарын, сөздер мен сөз тіркестерін экспрессивтік тұрғыдан дұрыс пайдаланылу принциптерін зерттейді.

Грамматика және стилистика. Стилистика грамматиканы да өзінің зерттеу нысаны ете алады. Ол грамматикалық құбылыстарға стильдік талдау жасайды. Бірақ грамматикалық талдау мен стильдік талдау тәсілдері бір емес. 1. **Морфология** сөздердің тұлғалық көрінісін және грамматикалық мағынасын, яғни сөздердің құрылысын, өзгерілуін және құрамын талдап топтастырады. Стилистика ойды мәнерлі (выразительно) жеткізу үшін морфологиялық формаларды (тұлғаларды) қандай жағдайда қалай қолдануға болатындығын қарастырады. Яғни морфологиялық тұлғадағы сөздердің, олардың варианттарының (синонимдерінің) ішінен сөйлеу не жазу арқылы жеткізілетін ойдың эмоциональды-экспрессивті реңін білдіре алатындарын сұрыптап қолдану принциптерін зерттейді. 2. **Синтаксис** сөйлемнің құрылысын, сөздердің тіркесу заңдылықтарын қарастырады. Ал ойды білдіретін сөйлемдердің айтылуына, қолдану тәсіліне қарай әр түрлі рендері болады. Ол қосымша мағыналар көбінесе сөздердің орын тәртібі мен сөйлемнің құрылысы арқылы беріледі. Ойды мәнерлі жеткізуде

синтаксистік бұл тәсілдердің маңызы зор. Стилистика синтаксистік құралдардың мәнерлілігін, оны дұрыс пайдалану заңдылықтарын зерттейді. Ғалымдардың пікірінше, синтаксистік стилистиканың мүмкіндігі мол. Өйткені тілдік қарым-қатынас сөйлем, оның әр түрлі мақсаттық түрлері, үлгілері негізінде жұмсалынатыны белгілі. Сондықтан сөйлемнің құрылымдық түрлері, сөйлем мүшелерінің әр түрлі қолданысы, жай сөйлем, құрмалас сөйлем түрлері – бұлар бай стилистикалық ресурстардың қатарына жатады. Мұны зерттейтін стилистиканың саласы - **тіл құралдарының стилистикасы** деп аталынады.

Стилистика жалпы халық тілінің стильдік жүйелерін, жалпы халықтық тілдің ауызекі және жазба түрлері, олардың өздеріне тән ерекшеліктері, әдеби тілдің стильдерін тегіс қамтиды.

Сөйтіп стилистика тілдік единицалардың мәнерлегіштік мүмкіншіліктері мен олардың қандай формада және стильдің қай түрінде қалай қолданылатыны туралы мәселелерді қарастырады.

Қарым-қатынастың әр түрлі саласында, пікір алысудың мақсат-міндеттеріне сәйкес, ойдың мазмұнына лайық осы аталған тұлға бірліктерді таңдау мен ұйымдастырудың жалпыға ортақ принциптері қалыптасады. Бұл жағдай тілдік құралдардың қызмет ету процесінде әр түрлі функционалды стильдердің жасалуын негіздейді. Белгілі бір салада, қарым-қатынастың белгілі бір түрінде осы тілдік құралдардың қызмет ету ерекшеліктеріне орай функционалды стиль түрлері ажыратыла бастайды. Бұл **функционалды стилистиканың** міндеті болып саналады. Сөйтіп стилистиканың салаларына мыналар жатады: **1. тіл құралдарының стилистикасы, 2. функционалды стилистика, 3. көркем әдебиет стилистикасы.**

Көркем әдебиет стилистикасының отандық ғылымда жеке сала болып қалыптасуы ғалым, академик В.В.Виноградовтың есімімен тығыз байланысты.

4) Стилистика – тіл құралдарын (тұлға-бірліктер) талғап, орнымен дұрыс жұмсауды үйрететіндіктен, тіл мәдениеті пәнімен тығыз байланысты екендігі мәлім. Сондықтан қай тұрғыдан болса да сөз болатын тіл мәселесі **тілдік нормаға** барып тіреледі. Әдеби тілде сөйлеуші адам ойын дұрыс жаеткізуді ғана емес, қалай айтып жеткізуді көздейді, тілдегі дұрыстықты ұстауға тырысады, демек, әдеби тілдік нормада екі қатар мақсат көзделуі қажет: ойды білдіру және оны мәдениетті түрде, яғни белгілі дұрыстық, көркемдік нормаларын сақтап білдіру.

Тілдің функционалды стильдерге қарай ажыратылған нормалары **стилистикалық нормалар** болып табылады, яғни сөз қолдану нормалары әдеби тіл нормасына сәйкес қалыптасады. Әсіресе, функционалды стилистикаға байланысты сөз қолданудың тұрақтылығы бар. Мысалы, ауызекі сөйлеу тілінде *қарапайым сөздер, диалектизмдер, жаргондар, бөтен тілдік элементтер, «барғасын, кеп, боп»* т.б. тәрізді морфологиялық тұлғалардың мүмкін болса, жазба стильдерде олар нормадан тыс деп есептелінеді. Тілдің стильдік айшықтаулары, көркемдік құралдары көркем әдебиет стиліне тән, олар іс қағаздары мен ғылыми стильдерде қолданылмайды. Бұдан шығатын қорытынды: стилистикалық нормалар да тілде қалыптасады, олар әр стиль

түрлеріне сай келуі керек. Мәселен, өткен шақ есімшенің *-тін, -тын* және *-тұғын* болып екі вариантта кездеседі. Мұның алдыңғысы қатаң норма, яғни функционалды стильдердің барлығында қолданылады, ал *-тұғын* варианты, негізінен көркем әдебиет пен поэзия үшін норма.

Жоғарыда айтылған ауызекі сөйлеудің элементтері (қарапайым, диалект, дөрекі сөздер) әдеби тілдің лексикалық нормасынан тыс тұрады. Бірақ көркем әдебиет тілінде, көбінесе кейіпкер тілінде, шығарманың жанрлық сипатына қарай автордың өз баяндауында да қолданылуы норма болып табылады. Соңғысы стилистикалық нормалар ретінде танылады.

Демек стилистика мен тіл мәдениетінің арақатынасын айқындау маңызды мәселеге жатады. Стилистиканың қарастыратын негізгі мәселелері жоғарыдағы айтылған жайлар болса, тіл мәдениетінің арқауы – тілдік құрылымның жарасымдылығы. Проф. Б.Н.Головиннің өте дұрыс атап көрсеткеніндей, тіл мәдениетінің өзіне тән *дәлдік, дұрыстық, тазалық, байлық, мәнерлегіштік, қисындылық, әдептілік* тәрізді сапалары болады, өзіндік категорияларға ие Ал зерттеу хронологиясы жағынан стилистика мәселелерінің тіл мәдениеті мәселелерінен әлдеқайда ерте қолға алынғаны белгілі. Айталық, стилистиканың алғашқы элементтері ертедегі Греция мен Римнен, одан кейін Еуропа мен елдерінен бастау алғаны тіл тарихынан мәлім, ал тіл мәдениеті мәселелерінің қарастырылуы кейінгі жылдардың жемісі.

Қысқасы, өзіне тән категориялары мен белгілері бола тұра, тіл мәдениеті тіл мәдениеті стилистикамен тығыз байланыста ғана дами алатын, стилистиканың жетістіктерін пайдалану нәтижесінде өсетін ғылым ғылым саласы болса керек. Тілдік құралдары орнымен, мақсатқа сай жұмсай білу – тіл мәдениетін арттыратыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
2. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқытудың методикасы. А., 1985.
3. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. А., 2000.
4. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
5. Мұсабекова Ф. Қазақ тілі стилистикасының мәселелері (методикалық талдау) А., 1979.
6. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А., 1984.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Стилистика ғылымы нені зерттейді?
2. «Стилистика» және «стиль» ұғымдарының пайда болу тарихы туралы не білесіз?
3. Стилистиканың неше саласы бар және олар қандай мәселелерді қарастырады?
4. Стилистикалық норма дегеніміз не?
5. Қазақ тілінің стилистикасын зерттеуші қандай ғалымдарды білесіз және қазіргі стилистиканың дамуы туралы не айта аласыз?

Екінші дәріс

Функционалды стилистика

1. «Функционалды стиль» термині мен оның анықтамасы. «Стиль» ұғымына қатысты тіл мамандарының пікірлері, функционалды стильдің маңызды екі қыры жөнінде: лингвистикалық және эксталингвистикалық факторлар. «Функционалды стиль» терминінің қазақ тіл білімінде түсіндірілу үрдісі, ғалымдардың оны қазақша беру әрекеттері.
2. Функционалды стильдерді топтастырудағы олардың айырым белгілері.

1) Функционалды стилистика лингвистикалық стилистиканың үлкен бір саласы, негізгі зерттеу нысаны – функционалды стильдер. Қоғамдық өмірдің әр саласында пайдаланылып, өзінің айрықша тілдік белгілерімен ерекшеленетін сөйлеу түрі – функционалды стилистика делінеді.

Тілдік құралдар қызмет ету процесінде қарым-қатынастың жағдайы мен мақсатына сәйкес, олардың дәстүрлі қолданылу ерекшеліутеріне байланысты бір-бірімен сан-алуан қарым-қатынасқа түседі. Соның барысында кейбір тұлға бірліктер жиі, кейбірі сирек қолданылады. Осының нәтижесінде тілдік әрекеттің әр түрлі саласында тілдік ұйымдастыру түрліше сипатқа ие болып келуі мүмкін. Осыдан барып стиль қалыптасады.

М.Серғалиев: «Стиль – тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметіне байланысты жіктелетін әдеби тілдің функционалдық түрі»- деген анықтама береді. Таза лингвистикалық мағынадағы стиль дегеніміз – белгілі мақсатқа сай, жағдайға орай, ойдың мазмұнына байланысты келетін, тарихи жағынан қалыптасқан тілдік құралдардың жиынтығы.

«Функционалды стиль», «функционалды стилистика» терминдері – орыс тіл білімі зерттеушілерінің танымынан туындап, қалыптасып орныққан атаулар. Функционалды стильдің әр түрлі қызметімен байланысты болады. Тіл білімінде функционалды стиль мәселесімен айналысқан ғалымдар легінде В.Виноградов, Л.Щерба, Б.Ларин, Р.Будгов, М.Кожина, қазақ тіл білімінде М.Балақаев, М.Томанов, Б.Манасбаев, С.Исаев, Р.Сыздықова, М.Серғалиев т.б. атауға болады. Белгілі ғалым Р.Сыздықова «Функционалды стиль» терминіне қазақша атау ұсынып, өзіндік пайымдауларын тілдік деректер келтіре отырып дәлелдейді. Оны «мақсаттық», не «қызметтік стиль» деп атағанды жөн көреді (Р.Сыздықова. Сөз құдіреті А.1997).

Сөйтіп, функционалды стилистика қоғамның түрлі саласында жұмсалатын тілдік құралдардың қызмет ету ерекшеліктерін қарастырады. Қазақ тілінің ғалымдары тілдің қоғамдық қызметін қоғамдық санамен байланыстырады. Ал қоғамдық сананың түрлеріне ғылым, дін, өнер, саясат, құқықтық қатынастар, бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиет т.б. жатады. Қоғамдық сана дегеніміз – объективті дүниені танып білудің формалары. Сөйлеуші қоғамдық сананың қай саласында тілдік амал-тәсілдердің қай түрін қолдану керектігін біледі. Яғни қарым-қатынастың құқықтық саласы, ғылым мен эстетикалық саласы, бұқаралық ақпарат саласы, тұрмыстық салаларына қарай функционалды-стильдік белгісі бар амал-тәсілдерді таңдап қолданады.

Тілдік құралдардың стильдік-функционалдык белгісіне, ренктеріне қарап адресат (тыңдаушы) сөздің қай стиль түріне жататынын ажыратады.

Қоғамдық санамен байланысты қызмет ететін тілдік амал-тәсілдердің стильдік рендері де әр түрлі болатындығын аңғарамыз. Тілдің *стилистикалық бояуы, стилистикалық мағына, стильдік амал-тәсілдер* деген ұғымдар функционалды стилистикада бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ бұл ұғымдарды айқындау қажет. Әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктер, әсіресе лексикалық бірліктердің ұғымдық мазмұнынан басқа мағыналық рендері болады. Ғалым Н.Уәлиев осы тілдік бірліктерді екі топқа бөледі:

1) Стильдік реңі бейтарап бірліктер (стильдік реңі жоқ);

2) Стильдік реңі әртарап бірліктер (стильдік реңі бар тұлғалар).

Стильдік реңі бейтарап құралдар дегеніміз – қарым-қатынастың әр түрлі саласы мен әркелкі жағдайында қолданылатын сөздер. Олардың ерекше стилистикалық белгісі болмайды. Мысалы, *көк, ақ, ауыр, жеңіл, оқы, жаз* т.т. Міне осындай сөздерді салыстыру арқылы стильдік реңге ие тұлғаларды айқындауға болады. Стильдік реңі бар сөздерді **эмоционалды-экспрессивті реңдегі сөздер және функционалды реңдегі сөздер** деп ажыратамыз.

Эмоционалды-экспрессивті реңдегі сөздер: ұстаз - оқытушы, мұғалім, шопан – қойшы, шәкірт – оқушы, еңбеккер – жұмысшы, паш ету – мәлімдеу – хабарлау – жариялау т.б.. Осы реңдегі сөздердің мағынасын іштей екіге бөлеміз: жағымды және жағымсыз. Мысалы, жағымды реңдегі сөздер: қаламгер – суреткер – жазушы; ал жағымсыз реңдегі сөздер: міңгірлеу – күмілжу – сөйлеу.

Ал функционалды реңдегі сөздерге келетін болсақ, қоғамдық өмірдің белгілі бір саласында қолданылуы мен жұмсалыуына байланысты тілдік бірліктер функционалды реңге ие болады. Мысалы, кіріс-шығыс, жолдаухат, түсініктеме, іске қосылды, сүтқоректілер, ондық бөлшек, сірке қышқылы, сілті, жеңіске жетті, өзекті мәселе, көгілдір экран т.т.

Ілгеріде аталған реңдегі сөздердің айырмасы мынада: білгілі бір функционалды реңі бар сөздердің эмоционалды экспрессивтік реңі жоққа тән болады. Мысалы, пікір, аударма т.т. – жағымды-жағымсыз рендері болмайды.

2) Әдеби тілдің қызметінің жан-жақты кеңеюі мен байланысты оның жанрлық-стильдік тармақтары қалыптасып, дамиды. Әдебиеттің әр түрлі жанрлық түрлерінің тууына лайық олардың өзіндік тіл өрнктері қалыптаса бастайды. Жалпы тілдік тұрғыдан келгенде, әдебиеттің жанрлық түрлерінде ешбір айырмашылық болмағанымен, оның айтылу мақсатына қараай тілдік элементтердің қолданылуында өзіндік ерекшеліктері болып отырады. Әдебиет жанрының бір түрінде, мысалы көркем шығармада көп мағыналы қасиеті бар, экспрессивті мәнді тілдік элементтер көбірек қолданылса, екінші түрінде (мыс. ғылыми әдебиеттерде), керісінше, нақтылы мағынасы бар тілдік элементтер жүйесі қолданылып отыруы мүмкін. Бұндай саралану әдебиет тілінің лексикалық құрамынан да, грамматикалық құрылысынан да, сөз тудыру жүйесінен де көрініп отырады. Осыдан барып әдеби тілдегі бұрыннан бар стильдік тармақтар туып, қалыптасып дамиды.

Әдеби тілдегі стильдер жүйесі сөз етілген еңбектерде функционалды стильдерді топтастыру әр түрлі принциптер негізінде болып келгенмен, оларда көбіне жанрлық принцип, тілдің жанрлық ерекшеліктері негізге алынады. Сондықтан бұл еңбектерде стильдердің саны бірдей емес, бірақ ұқсас. Мысалы А.Н.Гвоздев алдымен кітаби (жазба) және сөйлеу стильдері деп бөліп, кітаби стильдің өзін: ресми стиль, көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ғылыми-көпшілік әдебиет стилі (Очерки по стилистике русского языка М. 1985. с.18-25).

А.И.Ефимов мынадай стильдерді бөліп көрсетеді: көркем әдебиет, қоғамдық-публицистикалық, ғылыми, профессионалды-техникалық, ресми іс қағаздар және эпистолярлық (История русского литературного языка. М. 1984. С.21-27).

Ал Р.А.Будагов стильді бұл жағынан екіге бөледі: көркем стиль және ғылыми баяндау стилі (Литературные языки и языковые стили. М. 1988 с.131-165).

XX ғасырдың басында публицистика жанрының өркендеуі, ғылыми әдебиеттердің, ресми іс қағаздарының жазылуы т.б. қазақ тілінің әр түрлі стиль түрлерінің қалыптасып, орнығуына әсер етті. Бірақ қанша жанр болса, сонша стильдердің болуы шарт емес. Міне, осы жағынан келгенде, кейінгі зерттеулерінде белгілі ғалым С.Исаев қазақ әдеби тілінде қалыптасқан, өзіндік белгілері бар негізгі үш түрлі стильді көрсетіп берді: көркем стиль, ресми стиль және бейтарап (нейтралды) стиль (Қазақ әдеби тілінің тарихы. А.1996, 16-22 б.).

Стильдерді топтастыруда әлі де бірізділік жоқ, әр түрлі көзқарастар бар екендігі байқалады. Дегенмен қазақ тіл білімінде көптеген зерттеушілердің көрсетуінше 5 түрлі функционалды стильдің айқындалғаны белгілі. Олар: ауызекі сөйлеу стилі, ресми іс қағаздар стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль және көркем стиль.

Әдебиеттер

1. Серғалиев М. Синтаксис және стилистика (оқу құралы) А.1997.
2. Сыздықова Р. Сөз құдіреті А.1997.
3. Гвоздев А.Н.Очерки по стилистике русского языка М. 1985.
4. Ефимов А.И. История русского литературного языка. М. 1984.
5. Будагов Р.А. Литературные языки и языковые стили М. 1988.
6. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. А.1996.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Функционалды стиль» дегеніміз не?
2. «Стиль» ұғымына қатысты тіл мамандарының пікірлерін салыстырыңыз
3. Лингвистикалық және эксталингвистикалық факторлар дегенді қалай түсіндіресіз?
4. «Функционалды стиль» терминінің қазақ тіл білімінде қалай түсіндіреді?
5. Функционалды стильдерді қандай ерекшеліктеріне байланысты топтастырған?

Үшінші дәріс

Функционалды стильдер жүйесі

1. Қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері. Оларға жалпы сипаттама
2. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі мен жазба тіл стилінің өзіндік ерекшеліктері. Әр стильдің өзіне тән айырым белгілері
3. Ауызекі сөйлеу стилі, оның фонетика-интонациялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Ауызекі сөйлеу стилінің көркем шығармадағы кейіпкер тілімен арақатынасы.

1) Әдеби тілдің, әсіресе, оның жазба түрінің жетілген шағында қоғамдық қызметі артып, жұмсалып аясы кеңейе түседі. Ол өзі қызмет етіп отырған қоғамның ресми тіліне айналады. Соның негізінде ол мемлекет тарапынан жүргізілетін барлық ресми іс қағаздарының, әр түрлі әдебиеттің, баспасөздің, оқу-ағарту жұмысының, ғылым-білімнің тілі болып қалыптасады. Әдеби тілдің қоғамдық қызметінің артуына байланысты оның стильдер жүйесі қалыптасып, дами түседі, саралана түседі. Демек, **функционалды стиль** – қолдануда өзіндік ерекшеліктері, айырым белгілері бар тілдік элементтер жүйесі. Олай болса, қазақ тіл білімінде де жалпыхалықтық тілдің негізінде қалыптасқан стильдер жүйесі бар. Стильдік жүйенің екі түрі бар: **ауызекі сөйлеу тілінің стилі және жазба стильдер**. Жалпы әдеби тілдің жазбаша және ауызша формада қызмет ететіні белгілі. Жазба стильдердің өзі мынадай тармақтарға бөлінеді: **ресми іс қағаздар стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль, көркем әдебиет стилі**.

2) **Ауызекі сөйлеу стилі** тікелей ауызша тілдік-қарым-қатынас жасауда көрінеді. Әңгімелесу, тілдесу ерін-еркін бейресми жағдайда өтеді. Сондықтан әдеби тілдің нормасы қатаң сақталынбайды, ой жүйелі берілмейді, нормадан тыс тілдік элементтер қолданыла береді. Ал жазба стильдер қатынастың жазбаша формасында жиі жұмсалатындықтан, тілдік құралдар екшеліп, сұрыпталып қолданылады. Ортақ белгілері: логикалық жүйелілік сақталады, жалпыхалықтық тілдің қолданысы әдеби нормаға сай болуы керек, ой нақты, дәл, түсінікті берілуі қажет. Әр функционалды стильдің түрлері, ең бастысы, бір-бірінен таза лингвистикалық белгілерімен ерекшеленеді. Бұл жерде әр функционалды стильге тән белгілерді анықтауда оларға қатысты тілдік нормалармен бірде байланыстыра, бірде ажырата қарау керек сияқты. Мысалы, *біріншіден, екіншіден, әрине, сонымен, біздіңше, пәленшенің айтуынша, ал сияқты қыстырма сөздер басқа стильдерге қарағанда ғылыми стильде, публицистикада жиі қолданылатыны* – осы стильдерге тән белгілер. Бірақ, өзге стильдерде қолданылмайды деуге болмайды, әсіресе, көркем әдебиет стилінде көрсетілген қыстырмалар орын алуы мүмкін. Немесе заң, сот материалдарында, ресми құжаттар тілінде сөздер негізінен тура мағынасында жұмсалады, бұл үлгілерде сөздердің көріктеуші, сипаттаушы қатарлары қолданылмауға тиіс.

Ғылыми стильде ғылыми терминдердің мол қолданылатындығы, сөйлемдердің анық, түсінікті болуы ғылыми жазбалардың стильдік белгілері болса әрі нормалары болып келеді.

Ал көркем әдебиет стилі нормадан тыс бірқатар лексикалық, грамматикалық, тұлға-бірліктерді қолдана алады. Мәселен, дилектизмдер, архаизмдер, қарапайым сөздер, жаргондарды, сирек қолданыстағы элементтерді, өзге стильдің элементтерін еркін жұмсай алады, өйткені көркем әдебиет тек коммуникативтік емес, эстетикалық функцияларды да атқаратындықтан, өзге стильдерден оқшау тұрады. Осы ерекшеліктерінен болар, кейбір зерттеушілер көркем әдебиетті функционалды стильдер қатарына қоспай келді.

Қазақ тілінің функционалды стильдерінің бір-бірінен айырым-белгілері көрсетіліп келеді. Ол белгілерді қазақ тілін зерттеушілер орыс тіл білімінің танымынан шығарып айтатынын мойындаймыз. Бұған, біріншіден, тіл-тілдегі функционалды стильдер табиғатының, қызметінің ұқсас, ортақ құбылыс екендігі негіз болса, екіншіден, ресми іс қағаздарының, ресми ақпарат материалдарының, ғылыми әдебиеттің, көптеген мектеп оқулықтарының күні кешеге дейін көбіне орыс тілінен аударылып ұсынылып келгені себепкер болды.

Кеңсе іс қағаздарының стильдік белгілері өзгелерден мүлдем ажыратылып көрінеді, мұнда трафареттік құрылымдар орын алады, лексикалық норма қатаң сақталады, сөздердің көріктеу тәсілдерінің жұмсалуына, сөздердің ауыс мағынасында келуіне жол берілмейді. Әсіресе, заң, қаулы, ереже сияқты құжаттардың тілдік белгілері берік әрі тұрақты болуы шарт. Әрине, бұл айтылғандардың барлығы – функционалды стильдердің әрқайсысының тілдік сырттай белгілері және соларға орай нормалары туралы қысқаша түсінік. Ал әрбір стильдің өз ішінен мазмұндық-жанрлық бөліністеріне қарай және функционалдығына (мақсатына) орай бөлшектеп, әрбіреуіне тән шағын белгілерді көрсету – алдағы ғылыми ізденістердің объектіс болмақ.

3) **Ауызекі сөйлеу стилі** – функционалды стильдің бір түрі. Ол ауызша түрде тікелей қарым-қатынастың барлық саласында (тұрмыста, өндірісте т.б.) қолданылады. Негізгі қолданылу аясы – диалог, монолог.

Стильдік ерекшелігі:

1. Қолданылу аясы – адамдармен, әсіресе, таныс ортада еркін әңгімелесу барысында жүзеге асады.
2. Тілдік құралдары:
 - эмоционалды сөздер, диалектизмдер, қарапайым сөздер, сөйлеу тілінің фразеологизмдері, көріктеу тәсілдері (метонимия, синекдоха, табу, эвфемизмдер) қолданылады;
 - Ой автоматты түрде, дайындықсыз беріледі;
 - Сөйлеу еркіндігі басым болады;
 - Дауыс ырғағына орай сөйлеуші қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөздерді қолданады;
 - Сөздердің орын тәртібі еркін болады.

Осы айтылған сипаттамаға кеңірек тоқталатын болсақ, мына жайттарға назар аударған жөн. Бұл стильдің басқа стильдерден біршама өзгешеліктері бар (жоғарыда қысқаша тоқталдық). Мұнда екеу немесе үшеуара сөйлесу барысында тілдің мәдениеті тұрғысынан талап қою дұрыс бола бермейді.

Негізгі мақсаты тікелей және тез хабар беріп, хабар алу болғандықтан, ауызекі тілде әдеби тілдің нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестері – варваризмдер, кәсіби сөздер, диалектілер т.б. кездесуі әбден мүмкін. Бұл ауызекі тілі стилінің заңдылығын бұзу деп есептелінбейді.

Ауызекі сөйлеу тілінің тағы бір ерекшелігі - әңгіме тақырыбының тез өзгеріп отыратындығы. Мысалы, екі адам ауа-райы туралы сөйлесіп тұрып, күтпеген жерден өндіріс мәселесін сөз етуі мүмкін. Тілдегі экспрессивтік, эмоционалды қасиеттер көп жағдайда ауызекі сөйлеуде байқалады.

Ауызекі сөйлеу стилінде лингвистикалық факторлармен қоса, тілден тысқары факторлардың (экстралингвистикалық) да жарыса пайдаланылуы осы стильдің өзіндік ерекшелігі болып табылады (сөз болып отырған оқиға тыңдаушысына түсінікті болса да, бет пішінінің, қолының қимыл-қозғалыстары, дауыс ырғағының (интонацияның) құбылуы т.б.), бұл – фонетикалық ерекшеліктері, сөздерге әр түрлі екпін түсіру арқылы да ойға түрлі экспрессивтік реңк, бояу беріп айтылуы жатады.

Ауызекі тілді жалпыхалықтық тілдің бір түрі ретіндегі сөйлеу тілінен ажырата білудің елеулі мәні бар. Сөйлеудің ауызша түрі, яғни әдеби формасы функционалды стильдердің барлығында кездеседі. Мұны публицистикалық стильдің ауызша түрі деп қараған жөн. Мысалы, радиотеледидер хабарлары, ондағы сөйленетін сөздер, сахнада көркем шығарманың оқылуы, лекция, баяндамалардың жасалуы, мұғалімнің сабақ түсіндіруі т.б.

Ауызекі сөйлеуде ойдың қысқа, тұжырымды болуы, грамматикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты) толымсыз, жалаң сөйлемдер, эмоциялы жай-күйді жеткізуде лепті, сұраулы сөйлемдер қолданылады. Сол сияқты сөз қайталау тәсілі бар, кейбір морфологиялық тұлғалар ықшамдалынып беріледі: *келгесін, кеп, барғасын, боп т.б.*

Ойды әсерлі жұмсалудың да шарттары ауызекі тілде жүзеге асады: эмоционалды-экспрессивті реңдегі сөздер, сөйлеу сипатындағы фразеологизмдер, қарапайым сөздер де жұмсалады.

Ауызек сөйлеу стилінің элементтері басқа стиль түрлерінде мақсатқа сай қолданыла береді. Әсіресе, көркем әдебиет стилінде кейіпкер тілінде, шығарманың жанрлық мақсатына орай авторлық баяндауда да қолданыла береді. Мысалы Қ.Ысқақов «Ақсу – жер жаннаты» деген романында кейіпкерлердің аузына *шорту* сияқты одағай іспеттес ауызекі элементтерден бастап *бет-мордасы* (бет-әлпеті дегеннің орнына) *түйекөтен* (помидор), *қотқа жүрмейді*, *аслау* деген әдеби нормадан тыс элементтерді салады. Бұл сөздер тұлғасын өзгертіп, кекесінмен, мысқылмен қолданылған, өйткені шығарма юмормен жазылған дүние, сондықтан стильдік мақсатта жұмсалған тілдік ерекшеліктер болып саналады.

Тілімізде ауызекі сөйлеу стилі, оның лексикалық, синтаксистік ерекшеліктерін арнайы ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдар қатарына Р.Әміровтың «Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері» А. 1971, М.Серғалиев, Ш.Нұрғожинаның «Қазақтың сөйлеу тілінің эмоционалды-экспрессивті лексикасы». А. 1995 еңбектерін атауға болады.

Әдебиеттер

1. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы А. 1996.
2. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. А. 1971
3. Серғалиев М., Нұрғожина Ш. Қазақтың сөйлеу тілінің эмоционалды-экспрессивті лексикасы. А. 1995

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерін атаңыз.
2. Ауызекі сөйлеу тілінің стилінің өзіндік ерекшеліктері қандай?
3. Жазба тіл стилінің өзіне тән айырым белгілерін атаңыз

Төртінші дәріс

Стилистикалық қате және оның түрлері

1. Стилистикалық қателерге сипаттама
2. Стилистикалық емес қателер:
 - а) лексикалық қателер, ә) фразеологизмдерді қолдануда кететін қателер, б) морфологиялық қателер, в) синтаксистік қателер
3. Стилистикалық қателер:
 - а) Қазақ тілінің стилистикалық ресурсын толық меңгермеудің садарынан болатын қателер, ә) тілдің стилистикалық талғамының төмендігінен болатын қателер, б) функционалды стиль нормаларын ескермеуден жіберілетін қателер

1) Стилистикалық қате белгілі бір сөйлеу жағдайына сай келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың салдарынан болатын қатенің түрі. Тілді жұмсауда күнделікті өмірде түрлі нрмадан тыс ауытқулар болып жатады. Мысалы, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық тұлға-бірліктерді өзінің негізгі мағынасына сәйкес өз орнымен қолданбаудан болатын қателіктер т.б. Бұлардың барлығы әдеби тілдің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық нормаларының сақталмауынан болатын тілдік қатенің түрлері. Стилистикалық қате көп жағдайда тілдік талғамның төмендігінен болады. Тілдік талғам – тілді, сөзді жұмсап үйрену, жаттығу арқылы қалыптасатын қасиет. Стилистикалық қатенің өзге қате түрлерінен басты ерекшелігі де осында – тілдік талғамсыздықтың көрінісі болуында. Сол себептен де стилистикалық қатенің болмаын қадағалайтын стилистикалық норма тілдің қатысымдық сапаларының қатарына жатады.

Стилистикалық қателердің алдын алып, олармен үнемі күрес жүргізіп отыру жалпы халықтың сөйлеу мәдениеті мен стилистикалық сауаттылығын көтереді. Халықтың тілді қолдана білу мәдениеті күллі қоғамның рухани сауаттылығының көрінісі әрі өлшемі болып табылады.

Тілде неғұрлым жиі ұшырасатын нормадан тыс ауытқулардың алдын алу үшін стилистикалық және стилистикалық емес қате түрлерін ажыратып алу қажет.

2) Стилистикалық емес қателер:

а) лексикалық қателер:

- сөздің мағынасын білмей тіркестіру: «Кеше ғана университет *есігін аттағанда*»;
- сөздің мағынасының нақты қолданылмауы, күңгірт болуы: «Жігіт *жігерлене жұтынды*», «... ұйқылы көзбен сабаққа келіп, *аузын ашып* сабақ айтады, айтпаса ол да жоқ»;
- Паронимдердің (дыбысталуы жақын, бір түбірлес, жалпы грамматикалық белгілері ортақ, қолданылуында мағыналық ерекшеліктері бар сөздер) қолданысы: «Төсек *жаңартты*» (жаңғыртты).

ә) фразеологизмдерді қолдануда кететін қателер:

- тұрақты тіркес мағынасының контекске сай келмеуі: «*Қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендей* ерге, елге медет болып, адамның ақиқат пен шындыққа, ақылдылық пен қайраттылыққа меңзеп отырады.

б) морфологиялық қателер:

- зат есімдерге септік жалғауының дұрыс жалағанбауы: «XXI ғасырдың мақсаты осы, *өмірде сау сәбиді өмірге келтіру, ішімдік пен есірткіден аулақ болу*»;
- сын есімнің шырайларын орынсыз қолдану: «Мен оны *өте қатты* сыйлаймын».

в) синтаксистік қателер

- сөз тіркестірудің нормаларының сақталмауы, бағыныңқы мен басыңқы сыңарлардың араларының тым алшақ болуынан мағына байланысының нақтылығының болмауы;
- сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы: «Көшеде *бір қарапайым* өзімен-өзі кетіп бара жатқанда *адамды* бір полиция қызметкерлері көріп қалады»;
- есімдіктерді орынсыз қолданудың себебінен сөйлемнің мағынасының күңгірттенуі: «Қазіргі кезде қылмысты жасайтын *адамдар олар* негізінен *жас балалар*», «*Халық* жоқтықта өмір сүрсе, *ол* өзіне керек затты алу үшін әр түрлі әрекеттерге барады, кейде адам өлтіруге дейін де барады»;
- бастауыштың қайталанып, үстемеленіп жұмсалуды: «Менің *Ы.Алтынсарин* шығармаларынан алған *жерім, яғни Ы.Алтынсариннің* бізге қалдырған өнеге-өсиеті бізге үлкен бір ғанибет»
- құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында логикалық-грамматикалық байланыстың болмауы;
- құрмалас сөйлем көмponentтерінің тым шұбалаңқы болуы;
- дәйек сөздерді қолдана алмаудың салдарынан болатын қателер: «... сол үшін ата-бабамыз айтпақшы, «*Болар бала бозынан*» демекші, бала жастайынын әкешешесіне сыйластықты, ар-намысты, отанға деген сүйіспеншілікті, сабырлықты, «*үлкенге құрмет, кішіге ізет*» деген түсіністікпен тәрбие алып өсуі керек»;
- мәтін ішіндегі сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық-грамматикалық байланыстың болмауы, соның салдарынан ойдың күңгірттенуі:

«Қазақ табиғатында ақын, шешен халық. Оның осы бір ерекшелігі тілінде айқын көрініс тапқан. Ендеше, осындай қасиеті ерте заманнан бері жетіліп, дамып, жылдан-жылға өркендеуде. Бұл – тіл табиғатындағы заңды құбылыс». Осындағы «ендеше» сөзінің орынсыз қолданысы сөйлемдердің тұтас логикасын бұзып тұр.

3) Стилистикалық қателер:

а) Қазақ тілінің стилистикалық ресурсын толық меңгермеудің садарынан болатын қателер:

-Сөздік қорының жетіспеуі: *«Осы жерден басталып екеуіміздің таныстығымыз басталды», «Біз бұл өмірде бақыты болу үшін туылдық, сол себептен біз өзімізді бақытты қылуымыз керек»;*

- плеоназм (мағынасы жақын сөздердің тіркесін білдіретін стилистикалық термин. Мысалы, *қара-күйе, құр-бекер*) мен тавтологиялық сөз қолданыстарының (қайталақтау мыс. *Мұнар да мұнар, мұнар тау*) салдарынан сөйлеу тілінің көріксіз, кедей болуы. *«Мысалы, оған біреудің мүлкіне қол сұқса, ұрласа, тонаса, біреудің өміріне нұқсан келтіру жатады немесе қылмысқа әрекетсіздік жатады. Мысалы, дәрігер науқас адамға жәрдем етіп көмектеспесе, соның нәтижесінде науқас қаза болса»;*

-қыстырма сөздерді орынсыз қолдану: *«Ауыр қылмыс негізінен үлкен жауапты құқықбұзушылық болғанда, яғни ауыр қылмысқа жаза пайдаланылады. Негізінде жеңіл қылмыс немесе құқық бұзушылық үшін де негізінде елімізде адамның белгілі бір құқығынан айырады»;*

- тілдің көріктеу құралдарын керекті жреінде пайдаланбау: *«Әрине, әр елдің біртуар, қайта келмес даналары болады. Бұл адамзаттар елі үшін күрескен, сонымен қатар бізге туындыларын қалдырып кеткен данышпандар болмақ».*

ә) тілдің стилистикалық талғамының төмендігінен болатын қателер:

- бояма сөздерге құмар болу: *«Осы өлеңді оқысымен жүрегім дүр сілкінді», «Мақал-мәтелді оқығанымда сөздің құдіретін терең меңгеріп қана қоймай, санамызда мәңгілікке жатталады»;*

-сындық мәні бар сөздерді дұрыс таңдай алмау: *«Осы жолмен жүріп келе жатқан әрбір елдің достығы биік шыңда», «Ол болашақта өз мүдделері және күллі азамат мүдделері үшін тиімді еңбек етеріне шынайы үміттенміз».*

-әдемілік үшін ойланбай қолданылған сәтсіз метафоралар мен теңеулердің, бейнелі сөздердің болуы: *«Кеудесін керіп, төсін төңкере жайылған кең жазық бетінде де көз тірер бір нүкте болсашы»;*

-түрлі стильдердің лексикасын пайдалану: *«Бас хатшының баяндамасы проблеманың барынша тереңдігін және байыптылығын алғаш көрген БҰҰ-ға мүше мемлекеттер өкілдерінің ерен әсерін туғызғанын атап өткен ләзім».*

б) функционалды стиль нормаларын ескермеуден жіберілетін қателер:

-ресмилік мәні басым сөздерді орынсыз қолдану: *«Бұл жылдар сені аңсай сағыну, тосу жылдары еді. Мен бұл кезеңде адамдардың жүрегінде мәңгі-бақи өшпейтін бір сезім болатынын, ол – махаббат сезімі екенін ұқтым»;*

-ғылыми емес мәтіндерде термин сөздерді орынсыз қолдану: *«Ананың мейірімі мен махаббаты шексіз. Ақын-жазушылардың романдарын оқығанда*

ананың жанашырлығы, балаға деген сүйіспеншілігі әсерлі суреттеледі. Себебі оның бір элементі болса да өмірден алынған»:

-өзге стиль элементтерін орынсыз қолдану: «Үлкендердің алдын-ала ойластырып жасаған бұл жоспарының *тамаша нәтижесі* болғаны жұртқа жақсы белгілі», «Ұстаздардың адамдық пен аярлыққа, әділетсіздік пен жалғандыққа, крепостнойлық тәртіпке қарсы ащы сындар айтып, *мысқыл сөздерді боратуы* кадеттердің ой-өрістерінің дамуына едәуір ықпал етті».

Контекстік мағынаны ескермеуден болатын қателер:

Бұған, әсіресе, шығарма мазмұнының функционалдық-стильдік тұтастығына қатысты қателіктер жатады: шығарма мазмұнының тақырыпқа не не тақырып атауына сәйкес келмеуі, тақырыптың ашылмауы т.б.

Әдебиеттер

1. Сулименко Н.Е. Стилистические ошибки и пути их устранения. М.-Л.1966.
2. Вионградов В.В. Проблемы русской стилистики. М.1981
3. Шалабай Б.Қазақ тілінің стилистикасы. А.2006

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Стилистикалық қателерге сипаттама беріңіз
2. Стилистикалық емес қателерге қандай қателер жатады?
3. Қазақ тілінің стилистикалық ресурсын толық меңгермеудің салдарынан болатын қателер неге байланысты болады?

Бесінші дәріс

Қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері

1. Ресми іс қағаздары мен ресми құжаттар стилі, оның лексика-грамматикалық ерекшелігі, қазіргі іс қағаздарының дамуы жөнінде
2. Ғылыми стильдің жалпы сипаттамасы. Оның түрлері, жанрлары, тілдік-стильдік ерекшелігі, ғылыми диалог пен монолог.

1) Өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан қазақ әдеби тілінің әр стильдік жүйесінің: публицистикалық стильдің, көркем әдебиет стилінің, ресми стильдің, ғылыми стильдің сараланып, жеке-жеке қалыптасып, дами бастағанын әдеби тіл тарихынан білеміз.

Сонау 18 ғасырдың II жартысында негізі қаланған ресми іс қағаздар стилі бүгінде тілі байып, стильдік дәрежесі жетіле түсті.

Стильдің бұл түрінің қолданылу аясы мен практикалық қажеттілігі әр түрлі. Мысалы, іс қағаздары – басқару орындарындағы, белгілі бір мекемелердегі кеңселік құжаттар, ал ресми құжаттар басқару, ұйымдастыру, өкім шығару қызметіне қатысты құжаттар. Ресми іс қағаздары стиліне тілдік тұрғыдан қойылатын талаптар:

1. Түйіндеменің дәлдігі немесе мағыналылығы;

2. Айқындылық немесе жүйелілік;
3. Логикалық;
4. Баяндауыштың ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.

Таза лингвистикалық тұрғыдан да мәтінге қойылатын талаптар болады. Лексикада - ресми құжаттар мен іс қағаздарына тән сөздер мен сөз тіркестерін орнымен қолдану; синтаксистік құрылымында себеп, мақсат, шартты бағыныңқылы сабақтастарды мазмұнына қарай жұмсау. Ғалым М.Серғалиев ресми стильді үш шағын топқа бөліп қарастырады: кеңсе (іс қағаздары)шағын стилі, дипломатиялық шағын стиль, таза заң шағын стилі (Қазақ энциклопедиясы. А.1998. 326-б.)

Кеңселік іс қағаздарына *өмірбаян, өтініш, хабарландыру, хаттама, анықтама, жеке іс парағы* т.б. жатады. Бұдан басқа азаматтық қатынастарды реттейтін сенімхат, қолхат, келісімшарт, тапсырыс қағаздары т.б. бар. Бұлар белгілі бір үлгіде жазылады, арнайы, тұрақты сөз орамдары болады: *өтінемін, хабарлаймын, сұраймын, қаперге алынсын, қатаң ескертілсін* т.б.

Қазақ тілі заңдылықтарына сәйкес құрылған, өзіндік лексика-грамматикалық жүйесі бар стиль түрі іс қағаздарын, әр түрлі құжаттарды толтырғандағы басты талап – қазақ тілінің табиғи нормаларын жетік меңгеру.

Сонымен қатар бұл стиль түрінде эмоционалды-экспрессивті сөздер мен сөз тіркестері өте сирек қолданылады, ол тек құттықтаулар мен үндеулерде кездеседі.

Таза ресми құжаттарға заң, жарғы, жарлық, қаулы-қарарлар, мемлекетаралық шарттар, үндеу т.б, жатады. Ресми құжаттар белгілі қалыпқа түскен үлгі бойынша жазылады да, онда саяси-публицистикалық лексика, әкімшілік терминдер жиі қолданылады. Логикалық жүйелі құрылған ой құрмалас сөйлемдер арқылы беріледі. Мұнда негізгі ойдың мазмұны қысқа әрі тұжырымды түрде жазылады, сөздер тура және нақты мағынада қолданылады, тұрақты сөз орамдары болады.

2) Ғылыми стиль – ғылымның дамуымен, ғылыми әдебиеттердің молаюымен байланысты туған стиль. Оған әр мамандық, әр ғылым саласында жазылған шығармалар тілі жатады.

Ғылыми стиль зерттеу нысаны болған зат, құбылыстарды ғылыми сипаттап, дәлелдеп, түсіндіруді қажет етеді.

Бұл стиль түрі – ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өні ерекше әдеби тілдің бір тармағы. Оның қалыптасып дамуы ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне және ғылыми әдебиеттердің жазылуына байланысты. Мұнда белгілі бір ұғым, мәселе турасындағы логикалық жағынан тұжырымдалған толық хабарлама десе болады. Ғылыми стильдегі сөздер негізінен тура мағынада жұмсалады, ауыспалы мәндегі сөздер болмайды. Мұнда терминдік лексиканы, термин сөздерді жүйелі пайдаланады. Мысалы, тіл білімінде *лингвистика, лексика, фразеология, семасиология* т. б. физикада *анод, вакуум, атом, атомдық салмақ, шама* т.б. Ғылыми стильде халықаралық терминдер жиі кездеседі.

Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі - мұнда ой күрделі баяндалып,

анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде. Сонымен бірге, әрбір ғылым саласының өзінің ерекшелігіне қарай баяндау тәсілінде кейбір өзгешеліктері болады. Мысалы, химия оқулығында былай делінген: *Газ күйіндегі қандай заттың болса да граммолекулалары бірдей жазғайда, бірдей көлем алады.* Физикада: *бір инерция моментінен екінші инерция моментіне көшу мына теория бойынша орындалады: кез келген айналыс осіне қатысты инерция моменті сол оське параллель, ауырлық центрінен өтетін оське қатысты инерция моменті мен дене массасының сол дене ауырлық центрінің айналыс осінен қашықтығы квадратының көбейтіндісінің қосындысына тең болады.*

Қазақ тілінде ғылыми стильдің қалыптасуы негізінен, өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан басталады. Оның көш басында А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Қ.Жұбанов т.б. сынды тұлғалар тұрды. Оның ішінде қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасып, дамуына А.Байтұрсынұлы еңбектерінің үлесі зор.

Ғылыми стильдің шағын жанрларын да шартты түрде былайша жіктеуге болады: **мақала, баяндама, конспект, дәріс, тазис, реферат, пікір** т.б.

Ал ғылыми стильдің ауызша түрлері: ғылыми диалог пен монолог. Монологке лекция, ал диалогке пікірталас (дискуссия), жиындағы сөздер, сұхбат жатады. Монолог – бір жақтан ғана берілетін ой болса, диалог – екі немесе бірнеше адамның арасындағы ой бөлісу, пікір айту болып табылады.

Әдебиеттер

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
2. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
3. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. А., 2000.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ресми іс қағаздары стиліне тілдік тұрғыдан қандай талаптар қойылады?
2. Ресми құжаттар стилінің лексика-грамматикалық ерекшелігі неде?
3. Қазіргі іс қағаздарының дамуы жөнінде не айтасыз?
4. Ғылыми стильдің түрлерін атаңыз
5. Ғылыми стильдің жанрлары, тілдік-стильдік ерекшелігін мысалдармен дәлелдеңіз
6. Мақала, баяндама, конспект, дәріс, тазис, реферат, пікірдің өзіндік ерекшеліктері неде?

Алтыншы дәріс

Қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері

1. Публицистикалық стиль, оның түрлері, лексика-грамматикалық сипаты. Радио-теледидар тілі, ерекшеліктері, қазіргі дамуы.

2. Көркем әдебиет стилі, оның түрлері. Көркем әдебиет тілінің эстетикалық қызметі. Көркем әдебиет стилінің көп стильді болып келетіндігі. Көркем әдебиет тілінің зерттелу аспектілері.

1) Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын функционалды стильдердің бір түрі. Публицистика (латынша: publikus - көпшілік, әлеумет) - қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвистер публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы мақалалар, очерк т. б. шығармаларды, шешендік сөздерді публицистикалық стильдің ауызша түріне жатқызып жүр.

Публицистикалық стильдің жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байланысты. Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. Оған орыс тілі мысал бола алады. Россияда XVIII ғасырда ең бірінші газет жарық көрді; сықақ журналдар шыға бастайды. Радищевтің "Петербургтен Москваға саяхаты" сол кезде жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген.

XIX ғасырдың екінші жартысы публицистикаға үлкен өзгерістер енген кез болды. Бұл кезде революцияшыл-демократтар публицистиканы царизмге қарсы күрес құралы етіп жұмсады. В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский сияқты сыншы-публицистер өздерінің сын мақалаларында қоғамдық құрылысты қатты сынға алып, революциялық идеяны қуаттады. "Қазақстанда революциядан бұрын баспа орны атымен жоқ еді. Бірен-саран шыққан кітаптарда қазақ тілі бұрмаланып басылып жүрді. Қазақ тілінде ең тұңғыш басылған кітаптың бірі - "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" қиссасы (ең алғаш 1816 жылы басылыпты). Шоқанның, Ыбырайдың, Абайдың т. б. шығармалары Петербургте, Қазан мен Уфада, Орынбор мен Ташкентте шыққан. 1913 жылы басылған азын-аулақ кітаптардың ішінде Спандияр Көбеевтің "Қалың мал" романы, "Айна", "Қарлығаш" деген өлеңдері мен поэмалары Қазанда жарық көрген.

Қазан төңкерісінен кейін мәдени-ағарту мәселесі қолға алынып, оны жедел өркендету талабы қойылды. "1919 жылы 26 декабрьде В. И. Лениннің қолымен Халық Комиссарлар Советі қалың еңбекші бұқараның сауатсыздығын жою туралы шаралар белгіледі. Осы қаулыда және партия мен үкіметтің 1920 жылдардың бас кезінде шыққан нұсқау-директиваларында ұлттардың ана тілінде мектеп ашу, газет-журналдар шығару, әдебиетін өркендету мәселелеріне айрықша көңіл бөлінді. Осы жылдары шыға бастаған "Қазақ тілі" (1919 ж., Семей), "Дұрыстық жолы" (1919 ж., Орда), "Жаңа өмір" (1920 ж., Ташкент), "Тіршілік" (1918-1919 ж., Ақмола), "Ұшқын" (1919-1920 ж.ж., Орынбор), "Кедей сөзі" (1920 ж., Омбы) және басқа советтік газеттердің

бетінде басылған өлеңдер мен әңгімелер алғашқы революциялық жеңісті қуанышпен қарсы алған тілек-мақсатты бейнелейді. Бұл баспа органдарынан осындай мақсатта жазылған публицистикалық шығармаларды да көп кездестіреміз.

1920 жылдары республикалық тұңғыш газет "Еңбекші Қазақ" (қазіргі "Егемен Қазақстан") шыға бастайды. Бұл тұста қазақ публицистикасы жаңа белеске кетеріледі. Көптеген кеңестік идеологияны насихаттайтын шығармалар қазақ тіліне аударылып басылды. Орыстың революцияшыл-демократ жазушыларының шығармалары қазақ тіліне аударыла бастады. Осындай игілікті істер қазақ публицистикасының шындалып жетіле түсуіне белгілі дәрежеде ықпал-әсерін тигізді.

Публицистикалық стиль – қазіргі әдеби тілдің ең жүгі ауыр, елеулі саласы. Басты стильдік сипаты: мұнда қолданылатын сөз үндеу мәнінде жұмсалады. Сөз эмоционалды-экспрессивті сипатта болады (еңбек ардагері, дем беруші, көшбасшы, нық қадаммен т.б.). Тілдің осындай эмоционалды-экспрессивтілігі жағынан көркем стильге жақын, ал фактіні толық және жүйелі баяндау тәсілі жағынан ғылыми стильге жақын екендігі көрінеді.

Публицистикалық стильге газет-жорналдар тілі, радио-телехабарлар тілі жатады.

Ал жанрлық түрлеріне: бас мақала, ақпараттық хабар, очерк, халықаралық шолу және радио-теледидардан берілетін хабарлар. Әрқайсысының өзіндік тілдік, сөз қолдану ерекшелігі бар. Барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер төмендегідей: лексикада – қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер (митинг, ереуіл, парламент, демократия), ілгеріде келтірілген эмоционалды-экспрессивті сөз орамдары (көгілдір экран, ақ халатты абзал жан, қара алтын, дала кемесі), грамматикада қосарлы сөздер (бұқаралық-саяси, үгіт-насихаттық), бұйрық рай тұлғалы сөздер (жүзеге асырайық, оңды нәтижеге жетеміз, іске жұмылдырылсын), қаратпа сөздер, риторикалық сұрақтардың, әртүрлі қайталамалардың қолданысқа түсуі жиі байқалады.

Публицистикалық стильдің ауызша тараған түріне бұрыннан қалыптасқан шешендік сөз жатады. Шешендік сөз (ораторство) – Ежелгі Греция мен Рим заманынан бері қарай көптеген халықтардың мәдени-рухани өміріндегі өнердің бір түрі. Шешендік өнер мен шешендік сөз өзара тығыз байланысты болғанымен, екеуі екі басқа түсінік атаулары: шешендік өнер актінің, яғни іс-әрекеттің атауы, ол әлеуметтік қызмет атқарады. Шешендік өнер (риторика) - өзінің нысанасы, теориясы, категориясы, тарихы бар жеке сала болып табылады. Ал шешендік сөз шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі. Бірақ көпшілік алдында айтылатын сөздің барлығы шешендік емес. Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беруі керек:

а) белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы керек;

ә) әңгіме өзегінің дәлелі (аргументі) болуы тиіс, соның арқасында тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында бір әрекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет:

б) тыңдаушыға жақсы әсер етіп, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы тиіс.

Қазіргі шешендік сөздердің түрлері былайша ажыратылады:

- 1) *әлеуметтік-саяси тақырыптағы* шешендік сөздер, бұларға митинг, конференция, съезд, сессиялардағы сөздер, баяндамалар, хабарламалар, радио-теледидардан берілетін саяси, әлеуметтік шолулар т.б.
- 2) *академиялық шешендік* – ЖОО-дағы лекциялар, ғылыми баяндама, хабарлама т.б.
- 3) *сот ісіндегі шешендікке* прокурордың айыптау сөзі, адвокат-қорғаушының сөзі, айыпкердің сөзі т.б.
- 4) *діни қызметте қолданылатын шешендік* (құран оқу, қазақша иман сөздері. Барлығына қойылатын басты талап – ойдың көркем, әсерлі болуы (Р.Сыздықова)

Белгілі ғалым М.Серғалиев радио-теледидар тілі дейтін мәселелердің жете сөз етілмей, дұрыс қарастырылмай келе жатқандығын айта келіп: «Оны теориялық та, практикалық та тұрғыдан зерттеп, тілінің теориясын жасайтын мезгіл жетті»- дейді.

Радио-теледидар хабарларының тілі ерекшелігі: жаңалықтарды дер кезінде жеткізу қызметінің қалыптасуы, материалдардың нақтылы тақырыппен, жүйемен топтастырылуы, диалогқа қатынасушылардың сөйлеуге әзірлену дәстүрі, хабар жүргізушінің өзін еркін ұстап, қысылмай сөйлеуі,, хабардың берілу тәртібіне сәйкес техникалық құралдардың пайдалану реті т.б. біршама тартымды сиптта көрінеді.

Радио-теледидар тілі ауызекі сөйлеу тілімен тең емес, арақатынасын ажырату керек. Сөздерді сұрыптап, керегінше пайдалану хабардың жанрлық ерекшелігіне қарай жүзеге асады. Ауызша сөйлеу түрі болған соң, әдеби тілде, оның норма-заңдылықтарын мүмкіндігінше сақтап жеткізуі қажет. Әсіресе, орфоэпиялық норма, оны құрайтын заңдылықтарды меңгеру, тыңдарман дұрыс түсініп қана қоймай, әсерлі қабылдауы үшін дауыс, интонация, екпін дұрыс қою, кідіріс жасау, дауыстың сазы, қарқыны, сарыны, биіктігі тәрізді сапалық ерекшеліктерін жетік игеру маңызды болып есептеледі.

2) Көркем әдебиет стилі – тарихи тұрғыдан ерте қалыптасқан функционалды стильдің бір түрі. Оның пайда болуына ықпал еткен негізгі арналары: XV-XIX ғғ. аралығындағы ақын-жыраулар поэзиясы, фольклор тіліне тән өлең-жырлар, лирикалық эпостар тілі, халықтың сөйлеу тілі, Абай, Ыбырайдан басталған жана көркем әдебиет тілі. Көркем әдебиет стилі – проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың тілі. Көркем әдебиет стилінің өзіндік ерекшеліктері бар: тіл байлығы, сөздік құрамның молдығы, Авторлық баяндаудың құрылымына қарай, кейіпкердің іс-әрекет, болмысына қарай тілдің бар байлығы қолданылады: кәсіби, диалект сөздер, қарапайым сөздер, тарихи, көнерген сөздер, неологизмдер т.т.. Көркем әдебиет стилінің тағы бір ерекшелігі – оның көп стильділігі. Мұнда функционалды стильдің барлық элементтері кездеседі.

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз - ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады.

Тіл адам баласының іс-әрекеттерінің барлық жақтарын тегіс қамтиды. "Тілдің қимыл өрісі шексіз". Адам өз ойын жеткізу үшін ғана сөйлесіп қоймайды, көңіл күйін, эмоциясын білдіру арқылы басқа адамдардың да сана-сезіміне әсерін тигізеді. Ол әсер сөйлеу тілімізде айтушының өз түсінігі бойынша, өз ойын тіл құралы арқылы жеткізе білуінен болса, көркем шығармалар - жазушының өмір тануына, дүние сезінуіне, көзқарасына сол өмір фактісін жинақтап, қорытып бейнелі тілмен жазу мәнерінен болады. Сөйлеу тілімізде сөздер бұрыннан машықталған үйреншікті қалыпта жұмсалады, ал көркем шығармада сөздер сараланып, белгілі стильдік мақсатта қолданылады. Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма - өмір фактілерін жанжақты терең қамтитын жанды организм. Онда адам да, аң да, құс та, табиғат та - бәрі де қатысады. Тұрмыс салт, шаруашылық, экономика салаларының қалпы, даму жолдары көрсетіледі. Көркем шығармада кептеген кейіпкерлер болады. Олар жағымды, жағымсыз образдарға бөлініп, топталады. Олардың әрқайсысының өз алдына жеке-дара сырт пішіні - портреті - жасалып, іс-әрекеттері, ой-өрісі, өмір тануы суреттеледі. Ол кейіпкерлердің тіл ерекшеліктері болады. Сөйтіп типтік образдар жасалады. Шығармалардағы адамдар табиғат қоршауында әрекет жасайды. Мұның бәрі шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшелігін айқындауда маңызды рөл атқарады. Шығарманың көркемдік қасиеті ондағы қайталаусыз жасалған әр алуан образдар мен өмір құбылыстарының картиналары бейнелеулер арқылы көрінеді. Мысалы:

Азуы - алмас, тілі - у,

Арам көңіл, ала ту,

Кең жемсаулы, кең қарын,

Найзадай түйреп қолдарын

Қорқау қасқыр - "жан" жүрді

/ С. Мұқанов. Таңдамалы өлеңдер, Алматы, 1954, 58-бет./

С.Мұқанов осы бір шумақта бұқара халықты рақымсыз езіп, жаншып, өктемдігін жүргізген қиянатшыл заманның мейірімсіз өкілдерінің жиренішті кескін-кейпін ұтымды теңеу, эпитеттер арқылы оқушының көз алдына елестетеді.

Осындай суреттеуге М.Әуезовтен тағы бір мысал: *Қызылды-жасылды қылып сәнмен жиылған жақсы үйлерде қалың көрпе, құс жастықтарға көмілген жуан билер, күндіз-түні семізді кертіп жеп, көкірегі азғанша майға бөгіп жатқан. Бұлар, малына індет келген ауылдың иттері сияқты, жаны шығып, құйрығын сыртқа салып, көзі қызарып құтырғандай қанталап, қауып түсетін сияқты түр көрсетеді.* /М.Әуезов. Қараш-қараш. А.1960. 53 б./

Немесе, *...долданып құтырған Қоқыштар, Сәрсендер жуан-жуан жақсы киімді, боқтығы күшті үлкендер...*

Бұл мысалдардан образды сөздердің атқаратын қызметі ерекше сезіледі. Сонымен бірге мұнда сөз қолдану, сөйлем құрылысы, тіпті контекст - барлығы да экспрессивті берілген. Автор тілдің экспрессивті-эмоционалды тәсілдерін шебер пайдаланған. Жазушы суреттеп отырған шындықты оқушы көзбен көргендей айқын сезінеді. Мұнда жағымсыз образ тілдік тәсілдерді бейнелі, экспрессивті қолдану арқылы жасалған. Осылайша сөзді метафоралы қолдану

арқылы жасалған образдар тез қабылданып, ойда ұзақ сақталып, сөз қолданысы тұрақталып, бейнелі сөздердің үлгісі молығады.

Образ жасаудың сөзді метафоралы түрде қолданудан басқа да көптеген тәсілдері бар. Оны төмендегі мысалдан көруге болады: *Бақтыгүл атқа мінісімен: "Әйдә, тарт!" -деп тебініп жіберіп, қозғалып кетті. Көп сәйгүліктің аяғы сатыр-сұтыр басып, шымды жерді дүңк-дүңк еткізіп, үстеріндегі ер-тұрман, қару-сайман бір-біріне шалдыр-шылдыр, тықыр-тықыр соқтығып, ымырт қараңғылығын қуалай тартып береді.* /М.Әуезов. Қараш-қараш. А.1960. 42 б./

Автор мұнда әр түрлі дыбыстарды еліктеуіш сөздер арқылы бейнелеп отыр. Осы тұста оқушы көп аттың тұяғы тиген жердің дүңкілін, ер-тұрманның шылдырын айқын естіп тұрғандай сезінеді. Көркем шығарма тілі - күрделі мәселе. Көркем шығарманы жасайтын - жазушы. Шығармадан жазушының өзіндік ерекшелігі, шеберлігі, стилі байқалып отырады. Шеберлік мәселесін шығарманың тілінен бөлек алып қарауға болмайды. Шеберлік мәселесі тілге тікелей қатысты. Сондықтан да жазушының шеберлігі жайында сөз еткенде, ең алдымен оның тілінен бастаған жөн /К.Федин. О мастерстве. 1955. 319 с./.

Шеберлік дегеніміздің өзі - тар шеңберде алғанда, адам бейнесі, табиғат көрінісі, қимыл, іс-әрекет сияқты әдебиеттік түрлі образдарды жасау үшін қажетті сөздерді талғап, ұқыптылықпен қолдана білу. Мұндай образдарды жасау үстінде сұрыпталатын сөздерге әрқашан да жаңа мағына, қосымша реңдер берілетіні белгілі. Сөздердің ондай жаңа қосымша мағынасы мен реңдері образды ойды эстетикалық жағынан байытып отырса ғана құнды болмақ. Образды ой дегеніміз - суреттелетін зат, құбылыстың формасын сөз арқылы шебер бейнелей білу.

Көркем әдебиет - "сөз арқылы әдемі түрде суреттелетін искусство". Әдебиетшілер болсын, тілшілер болсын көркем шығарма тілін сөз еткенде, екеуінің де негізгі объектісі - әдеби шығарма. Өйткені әдеби шығарманың негізгі құралы - тіл. Жазушылар да құрылысшылардың кірпіштен салған биік әсем мұнарасы сияқтандырып өмірдегі сан алуан құбылыстарды бейнелі сөз өрнегі арқылы қиюластырып, көркем образдар жасайды. Көркем образ жазушының шеберлігіне, оның жалпы халықтық тіл байлығын жетік меңгеріп, шұрайлы сөз образдарын қолданып шебер суреттей білуіне байланысты. Сонымен бірге жазушы шығармасының тілі, оның стиль ерекшелігі шығарманың мазмұн, идеялық жақтарымен байланысты қарастыруды қажет етеді.

Жазушының стилі – көркем шығарма жазу үстінде қалыптасатын әр жазушының өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдері. Жазушының стиль ерекшелігі, оның өзінің өмір тануына, шығармасының идеялық мазмұнына сай жалпы халықтық тіл қазынасын меңгеріп, оны қалай қолданғандығынан байқалады. Ал жазушылардың тілдік құралды қолдану тәсілдері біркелкі болмайды.

Жазушының тілі, өзіндік (индивидуальды) стилі - ол сол дәуірдегі көркем әдебиетке тән тілдік тәсілдерді өзінің эстетикалық талғамына сай өзінше пайдаланып дамыту жүйесі. Жазушының өзіндік стиль проблемасы - ең

алдымен әдеби шеберліктің, ұлттық көркем әдебиеттің проблемасы. Сондықтан әдеби тілдің даму жолдарын, қалыптасу үрдісін жете түсіну үшін жеке жазушылардың шығармасының тілін зерттеп, олардың сөздерді сұрыптап қолдану тәсілдерін, жалпы халықтық тілдік құралды қалай меңгергендігін және әдеби тіл үлгісін байытып тыңнан қосқан жаңа сөз үлгісін айқындап, жан-жақты талдау жасап көрсетудің көркем сөз стилистикасында мәні зор.

Көркем шығарма тілінің осы уақытқа шейін қалай зерттеліп келгені туралы академик В.В.Виноградов "О языке художественной литературы" деген кітабынан толық мағлұмат алуымызға болады. Автор бұл еңбегінде кеңес дәуіріндегі көркем шығарма тілінің зерттелуіне арналған ғылыми еңбектер мен мақалаларға талдау жасап, ондағы жетістік пен кемшіліктерді көрсетіп, көркем шығарма тілінің зерттелуі жайында құнды пікірлер айтқан. Академиктің аталған еңбегінің құндылығы - жазушының өзіндік стилі орыс әдебиетінің даму заңдылықтарымен байланысты қаралуында. Бұл тәсіл - жазушының тіл ерекшелігін зерттеушілердің бұдан былайғы жерде айрықша көңіл бөлетін мәселесі.

Қазіргі стилистикаға байланысты жазылып жүрген зерттеу еңбектері мен мақалаларда, көбінесе оның зерттеу объектісіне, шығарманың тілін зерттеу тәсіліне баса көңіл бөлініп жүр. Бұлар көркем сөз стилистикасы саласындағы бүгінгі таңдағы маңызды мәселе екені даусыз. Бірақ көркем сөз стилистикасының басы ашылмаған басқа да мәселелері аз емес.

Көркем шығарма тілін зерттеуде кездесетін бір қиындық - оның проза, драма, поэзия сияқты жанрларды қамтып, көп жанрлы болып келуінде. Әр түрлі жанрлардың әрқайсысының өзіне тән тіл ерекшеліктерін зерттеу әдістері жөнінде белгілі бір нұсқау беру қиын. Шығарманың жанрлық ерекшелігіне қарай, тіл өзгешелігі болатындығы әдебиет теориясының оқулықтарында және кейбір лингвистикалық еңбектерде тиіп-қашты айтылады. Ал арнайы жазылған еңбек әзір жоқтың қасы.

Тіліміздегі басқа стильдерге қарағанда, көркем сөз стилінің аясы кең. Мұнда барлық стильдердің элементтері кездеседі. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Әр жазушының өзінің талғамына қарай тіл ерекшелігі, қолдану тәсілі болады. Ол ерекшеліктердің бәрі бір-бірімен ара қатынаста болып, көркем әдебиет стилінің басқа стильдерінде қайталанбайтын, айрықша жүйесін жасайды.

Қорыта айтқанда, көркем әдебиет сөз өнері ретінде ғана танылмайды. Ол өмір қиындығын біліп тануымызға ықпал жасайтын, біздің өміріміздің эстетикалық жағын қамтитын қоғамдық құбылыс болып саналады. Сондықтан академик В.В.Виноградовтың: "Көркем шығарманың тілін зерттеу мәселесі тіл білімінен де, әдебиеттанудан да өз алдына айырмашылығы бар филология ғылымдарының айрықша бір бөлек саласы болуға тиіс", - деген пікірі әбден дұрыс.

Әдебиеттер

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
2. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
3. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. А., 2000.
4. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. А., 1983.
5. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. А., 1978.
6. Момынова Б. Газет лексикасы. А., 2001.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін атаңыз
2. Радио-теледидар тілі, ерекшеліктері, қазіргі дамуы жайында не айтасыз?
3. Көркем әдебиет стилінің эстетикалық қызметі
4. Шеберлік дегеніміз не?

Жетінші дәріс

Тіл құралдарының стилистикасы

1. Тіл құралдары стилистикасының жалпы сипаты, түрлері, қарастыратын мәселелері
2. Лексиканың стиль түрлеріне қарай топтастырылуы: сөйлеу тілінің лексикасы, кітаби лексика, бейтарап (стильаралық) лексика.
3. Сөз мағыналарының стильдік қызметі
4. Синонимдер – практикалық стилистиканың басты мәселесі. Антонимдер. Омнимдер.
5. Сөздің экспрессивті бояуы, оның түрлері

1)Тіл құралдарының стилистикасы – тілдің барлық деңгейлеріндегі құралдардың стилистикалық қызметін қарастырады. Өйткені әр түрлі стильдік мағына-бояу, стильдік өң, көркемділік мәнерлік сипат тілдік өлшемдердің (единицалардың) барлық түрінде болады. Сондықтан тіл құралдары стилистикасының зерттеу нысаны – лексика-фразеология, грамматика және фонетика қарастыратын тілдік тұлға-бірліктер. Мәселен, фонетикада – фонетикалық элементтердің (дыбыс, интонация, екіпін) стильдік өңі, лексика-фразеологияда – жеке сөздер мен тұрақты сөз тіркестерінің стильдік қолданысы, грамматикада септік, жіктік, синонимдік тұлғалардың мағыналары, сын есім шырайларының жұмсалу ерекшеліктері, сөз таптарының стильдік қолданысы, сөйлем түрлерінің қызметі, т.б. мәселелер стильдік тұрғыдан зерттеледі. Сонда тіл құралдары стилистикасының мынадай түрлері бар: фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, синтаксистік стилистика.

2) Лексика – белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығы, оның сөздік қоры. Қоғам өмірінде болып жатқан жаңа үрдістермен байланысты көптеген жаңа сөздер пайда болып жатады. Тілде мұндай сөздер неологизмдер деп аталады. Қай тілде болмасын, лексика стильдік сипатына қарай де рекшеленеді. Бұл

тұрғыдан үш салаға бөлінеді: сөйлеу тілі лексикасы, бейтарап лексика және кітаби лексика.

Стиль түрлерінің барлығында қолданылатын тілдік құбылыстарды (сөздерді) **бейтарап** немесе стильаралық лексика делінеді.: жер, су, ауа, өзен т.б.

Таза ауа, ауа атмосферасы, ауадай қажет - әр стиль түрлерінде жұмсалады. Абстракт мағыналы сөздер де барлық стильдерде қолданыла береді.

Сонымен қатар, стиль түрлерінің кейбірінде ғана қолданылатын сөздер де бар. Мұндай сөздер талғаммен екшеліп жұмсалады. Кейбірі – ауызекі сөйлеу тілінің лексикасын құраса, ал кейбір сөздер тек жазба әдебиет үлгілерінде қолданылады. Бұл жағдайды, хабарды тура айтпай-ақ тұспалдап жеткізетін сөздер табу, эффемизм делінеді. Стильдік тұрғыдан ұтымды тәсіл:

- *Бұларың кім? – деді Ұлпан.*

- *Төрттен астам аулының жігіттері зой, «Алтыбақан» құрып жатқан.*

Кітаби лексика – ойды нақты, дәл беру үшін жазба әдебиеттерде қалыптасқан сөздер мен сөз оралымдары. Кітаби лексикаға көбінесе саяси-әлеуметтік терминдер, әр алуан экономикалық, техникалық, іскерлік атаулар т.б. жатады. Мәселен, әр түрлі салалық терминдер ғылыми еңбектерде, оқулықтар тілінде көбірек ұшырасады. Ал көркем әдебиетте, ресми іс қағаздары тілінде, публицистикалық стильде сирек кездеседі.

Байырғы сөздер көркем әдебиет стилінде көбірек жұмсалады. Көркем әдебиет, ғылыми шығарма, публицистикада кітаби лексика элементтері қолданылады. М, **шайтан –сайтан** вариантты сөздердің алғашқысы – бейтарап лексика, стиль түрлерінің бәрінде қолданылады, ал «сайтан» «сиқырлы» деген ауыс мәндегі сөз көбінесе көркем әдебиет стилінде қолданылады.

3) Сөз мағынасының стильдік қызметі. Сөздің о баста бір ғана мағынада жұмсалғанын білеміз. Ал адамның күнделікті іс-тәжірибесіне, ойлау қабілетінің дамуы арқасында жеке сөздерге үстеме мағына жүктеледі. *«Қалғып жатқан теңіз ем, дауыл тербеп оятты»* (Баян) өзін толқып жатқан зат есіммен ауыстырып, ауыспалы мағынада бейнелі айтуы адамның сезіміне бірден әсер етеді. Қосымша мағынаның аз-көп болуы сөздің негізгі лексикалық мағынасымен тығыз байланысты. Мыс. *Сүбелі мал (семіз). Бура найман – сүбелі елдің бірі. Бұл – жинақтағы сүбелі де көркем туынды.* Тіл білімінде бұларды сөздің ауыспалы мағынасы дейді.

Ауыспалы мәндегі сөздердің біразы ауызекі сөйлеу тілінде жұмсалады да, жұртқа молынан тарайды, енді біразы шығарма стилінде пайда болады. Кейде мұндай ауыспалы мағыналы сөздер жазушы стилінде қалып қоймай, жалпыхалықтық сипат алып кетеді. Мұндай ауыспалы мағыналы сөздерге түспен байланысты айтылған сын есімдер жатады. Мыс. ақ жарқын, қара қазан, қызыл көз, көк бет. Осы сияқты түспен байланысты кейбір сын есімді сөздердің ауыспалы мағынасы жеке өлең жолдарынан, прозалық зерттеулерден ғана байқалады.

Сөздің көп мағыналылығын әр суреткер өз лабораториясынан қырнап, өңдеп, өз орнын тауып, қиыстырған болса, тілге жеңіл, ойға қонымды болмақшы. Сөздің көп мағыналылығы прозадан гөрі поэзияда жиі кездеседі. Сөздің көп мағыналылығы жалпы халықтың ауыспалы мағынаның негізінде жасалып. Тілдің стилистикалық арнасын кеңейтеді, байытады, тілдің экспрессивтік-эмоциялық бояуын қоюландырып, аша түседі.

Ақ көңілім анық қарайды,

Қызыл гүлім суалып.

Жарқ етпес қара көңлім не қылса да.

Кейде есер көңіл құрғырың.

Күңгірт көңлің сырласар.

Сұрғыл тартқан бейуаққа.

Жаралы көңіл жазылар.

Көңіл сөзімен тыңнан тіркес жасап шебер стильдік үлгі танытқан – Абай. Әрине, көп мағыналы сөз өзінің эстетикалық қызметі жағынан әр ақын-жазушыда әр түрлі стильдік өң алады.

Әдебиеттегі көп мағыналы сөздің кейбірі ауызекі сөйлеу стиліне ауысып, жалпыхалықтық болып кетеді. Айталық, аяз, үскірік аяз, ақырған аяз, қолқанды қауып тұрған аяз, сары шұнақ аяз, деп халық аузында қолданыла береді. О баста фольклордан ауысқан.

4. Синонимдер – ойды көрікті, әрі әсерлі жеткізудің құралы. Оларды талғай да, таңдай да білу керек. Өйткені мағыналас сөздердің бәрі үнемі бірінің орнына бірі жұмсала бермейді.

Контексте қолданылуына қарай әр түрлі мағыналық реңк туғызады. Олардың стильдік бояулары сол сөздерді салыстырып қолданғанда айқын көрінеді. Синонимдерді тіліміздің стиль түрлеріне қараай саралап қолдану қажет. Мыс. күш, қуат, әл. Күш сөзінің орнына кейде әл сөзін алмастыруға болмайды. Қолыңдағы бар күшті жинай білсең, ұлы хандықты құруға болады. (І.Есенб.)

Синоним сөздер көркем шығармаларда кейіпкердің сезімін, мақсатын, бағытын дәл көрсету үшін, айтылған ойдың, сөздің мағыналық-эмоциялық мәнін күшейтіп беру үшін, құбылысты кеңірек суреттеу үшін жұмсалады. Толып жатқан нәзік ойлар, сезімдер синоним арқылы жеткізіледі.

1) синонимдердің бірнешеуін қатар айту айтылатын ойды анықтай түседі. *Ол Сармолда айтып жүрген сөзді өз тарапынан да жұртқа жеткізу борыш, қарыз, тәрізді. Қағаз деген абырой, атақ, беделге қарай ма? Абайдың көз алдына Байтастың былтыр жаздағы әниіл, сауықшыл жолдастары толық елестеді.*

2) Кейбір синоним сөздер контексте жансыз заттармен тіркесіп айтылып, бейнелілік мағына беріп тұрады: *быжыр жүз, сылбыр күз.*

Ойды бейнелі айту үшін де көркемдік дәлдікке, шынайылыққа жету үшін де антоним сөздер қолданылады. Абай *«Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да...»*.

1) ойды ықшамды, әсерлі ету үшін жұмсалады: *күні-түні тынбай, жұмыс жасады. Басы қатты, аяғы тәтті.*

2) Ойды жинақтау үшін қолданылады: *жақсылық пен жамандықтың бағаасын ұғар кезі болды зой.*

Каламбур – фр. шендестіру тәсілі. Дыбысталуы бірдей, мағынасы әр басқа сөздерге негізделген сөз әзілі, яғни омонимдерді жұмсаудағы стильдік тәсіл.

Қалқам, жаным, *қарағым*,
Бетіңе келмес *қарағым* (С.Тор.)
Тағы сынды жан едік,
Тағы келдік тар жерге (Мах.)

5) Сөздің экспрессивті бояуы, оның түрлері. «Экспрессия – көркемдік бояуларының саласы, ол стильдік негізгі категория»- дейді А.Ефимов (стил. Худ. Речи. М.1957.)

Экспрессия жалпы екі тұрғыдан сөз етіледі.

1) лексикалық мағынасы әуелден экспрессияға бейім сөздер (контекссіз экспрессивті мағына береді.

2) Қолданылу процесінде экспрессивтік бояу алатын есімдер, сөз тұлғалары.

Тілдің көркемділігін жетілдіру үшін, образ жасауда бұл тәсілді жиі қолданады. Эмоциялық реңкі бар экспрессивті сөздер көбінесе көркем әдебиет стилінде кездеседі, өйткені олардың стильдік бояуы, қыр-сыры сонда ашылады. Ақын-жазушылар шындықты көрсетуде, ондағы кейіпкерлердің мінезін ашып, портретін жасауда осындай көтеріңкі, бейнелі, мәнерлі сөздер қолданады.

Контекссіз экспрессиялық мағынаны білдіріп тұратын сөздер: қанішер, жауыз, тыраштану, ыржақтау т.б.

Қазақ тілінде әсіресе болымсыздықтың эмоционалды-экспрессивті мәні күштірек сезіледі:

а) сөйлемнің толымсыз формалы баяндаушының қайталанып келуі арқылы: *Есіл, Тоған, ұмытпасын, ұмытпасын! Айтпа, айтпа деймін, антұрған!* (М.Ә.) күшейту мәні басым.

ә) сөйлемде болымсыз есімдіктердің қайталануы да оған экспрессивтік мән береді: *Ештеңе де ішкім келмей отыр, Мәнә, ештеңе де* (С.Шайм)

б) түгіл, тұрмақ, тұрсын шылдаулары зат есім, сын есім, сан есім, қимыл атауларымен тіркесіп, болымсыз мәнді салыстыру арқылы экспрессивтік мән алады: *«Жек меншікті жоймақ түгіл, әзір ойлаған да емеспін»* (Ғ.Мұст.) *Хат былай тұрсын, ас та бергізбейді* (С.Мұқ)

Әдебиеттер

1. Болғанбаев Ә.,Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.А. 2002.
- 2.Нұрмұханов Х.Сөз және шеберлік. А. 1987
3. Серғалиев М., Нұрғожина Ш. Қазақтың сөйлеу тілінің эмоционалды-экспрессивті лексикасы. А. 1995
- 4.Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тіл құралдары стилистикасының қарастыратын мәселелерін атаңыз
2. Сөйлеу тілінің лексикасы дегеніміз не?
3. Кітаби лексиканың ерекшелігі неде?
4. Бейтарап (стильаралық) лексика
5. Синоним, омоним, антонимдердің стильдік қызметі қандай?
6. Каламбур дегеніміз не?

Сегізінші дәріс

Тілдің актив және пассив құрамындағы сөздердің стилистикалық қасиеттері

1. Архаизмдер және историзмдер
2. Неологизмдер
3. Диалектизмдер. Кәсіби сөздер.
4. Кірме сөздер
5. Қарапайым сөздер, жаргондар

1) Тарихи жанрда жазылған шығармаларда көркемдік қызмет атқаратын тілдік құралдардың бірі – көнерген және тарихи сөздер болып табылады. Олар тарихи шындықты дәлірек беруде түрлі сипаттамалық (характерологический) қызмет атқарады. Мұндай жағдайда көне сөздердің, әсіресе көркем образ тудырудағы, кейпкерлерге тілдік мінездеме берудегі т.б. көркемдік қызметтері жүзеге асады. Сонда ғана өткен дәуірде өмір сүрген ата-бабаларымыздың тыныс-тіршілігі, ой ағымы, сөйлеуі, тілі арқылы көрінеді. Өйткені тарихи шығарма өңін келтірер стильдік құрал – көнерген сөздер. Көне сөздердің көркем шығармаларда қолданылу ерекшеліктері жайлы зерттеулер, мақалалар, пікірлер баршылық.

Көнерген сөздерді стильдік мақсатта орынды жұмсай білген жазушы М.Әуезов «Абай жолы» романында өткеннің тұрмыс-салтын, ел өмірін шынайы суреттеу үшін шеберлік танытқан. *Дуаны бұл болыстардан бөлек болса да, жері көршіліс керей де бар: жандарал, ояз, старшын, мыңбасы, жүзбасы, би, хан, сұлтан* т.б. Немесе М.Мағауиннің «Аласапыран» романында сол дәуірдің өзіндік көрінісі мен тіршілігін оқушысының көз алдына көне қалпында жеткізуде көне сөздерді мол пайдаланады; «... *Шығыс Дешті қыпшақтың падишахы Тәуекелдің сауын айтып, шұғыл шақыруымен киіз туырлықты қазақ ұлына хукім жүргізуші қасқа жайсаң атаулы Қараттаудың терістігіндегі Созақ қаласына құрылтайға жиналды*»

Кейбір мәдени құралдар, ел билеуге байланысты сөздер, қару-жарақ атулары сияқты лексикалық топтар өткен заманға тән теңеулерді құрады. Бұларды көркем образ тудыру, шығарманың көркемдігін, әсерлілігін арттыру үшін жұмсайды.: *Қандауырдың жүзіндей қайқы кірпіктері (портрет): Хан аға – жақ болғанда, сұлтан-іні – жебе: қайраусыз қара қанжар, берік түйінді берен сауыт болған біз едік* – тәрізді экспрессивті эпитет, теңеулерде қару-

жарақ атауларын адамзатқа теңеу болса, бұл Мағауин тіліндегі өзіндік, поэтикалық тіркестер.

Архаизмдер құрамы жағынан әр алуан. Олардың көбі әдет-ғұрыпқа, салт ерекшеліктеріне, әкімшілікке, қару-жараққа байланысты болып келеді: қол ұстатар, жыртыс салу, датқа, хан, старшын, жебе, батсайы т.б.

2) Тілдің сөздік құрамы әрдайым өзгеріп, толығып, дамып отырады. Әдеби тілдің қызметі артып, байыған кезде жаңа ұғымдар, жаңа сөздер пайда болады. Олар қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік, мәдени өміріміз, ғылыми-техникалық дүниемізге жаңалықтар ену нәтижесінде пайда болады. Жаңа сөздер пайда болғанда бірден жұртқа түсінікті де, үйреншікті де бола бермейді. Оларды тіл ғылымында неологизм деп таниды. М.Балақаев: «Жаңа сөздер жүре-бара тілдің сөз жасау заңдылықтарына сәйкес, белгілі модель арқылы жасалса, оларды әдеби тілге енгізіп, баспасөзде қабылдау арқылы жұртшылыққа дағдылы сөз қатарында танылғанда, неологизм дәрежесінен өтіп, жалпыхалықтық сипат алады», - дейді.

Жаңа қолданыстар тек қана ұғымдарды білдіру үшін ғана емес, бұрыннан келе жатқан зат, бұйым, құбылыстарды дәлірек, дұрысырақ етіп қайта атау үшін де туып жатады. Бұрын *проводник, пляж, призер, овощ* деген орысша атап жүрген сөздерге қазақша балама тауып, бұл күнде *жолсерік, жағажай, жұлдегер, көкөніс* деп атап, қолдандық.

Жаңа сөз қажеттілігі 1920-30 жылдары ерекше айқындалды да, көптеген жаңа сөздер енді (*құлақтандыру, екпінді, мүше, ұйым*, т.б.), 1940-60 жылдары *аялдама, балмұздақ, перзентхана, оқырман, космос* т.т. енді. Соңғы кездері *жаднама, жаһандану, басылым, кеден, құжат* т.б. сөздер орнығып қалыптасты.

Көркем әдебиет стилінде жасалған жаңа сөздердің сипаты екі түрлі болады: бірі - жалпы әдеби тілге ортақ түрінде жұмсалса, екіншісі – жеке ақын-жазушылар стилінде пайда болады да, белгілі шығарма тілі аясында қалып қояды. Мұны *стильдік неологизм* дейміз. Мыс. С.Торайғыров «Туған еліме» өлеңінде:

Балалыққа жарасам
Аталыққа жарайсың...
Тек қалауым сіздерден,
Серіктікті милаймын-,

деп *балалыққа* – бала болуға, *аталыққа* – ата болуға орнына жұмсалған, «милаймын» - мый сөзінен жасалған, «ойлаймын» деген мағынада қолданған. Бұл – жаңалық ұйқастығымен тартымды.

М.Мағауинде іркінді су, қақ деген сөздің мағынасын дәл беру үшін *іріңді* су қолданылған. Д.Досжановта қышкер, (қыш құюшы), зертас (мозаика), дабылкеш (дабыл қағушы) – ұтымды қолданыстар. Сонымен бірге стильдік жүгі жоқ, мағынасы қиындықпен түсінілетін сөздер де кездеседі: *жұлмыт, қаупайлау, мыжыма жеу, ықсуат* т.б.

3) Диалектизмдер - жалпыхалықтық тілдің нормасынан ауытқыған, белгілі аймақта ғана қолданылатын, таралу шегі бар тілдік ерекшеліктер.

Көркем әдебиет стилінде кейбір диалектизм әдеби тілдік баламасы тұрса да қолданылады. Бұл - таза стильдік мақсатпен байланысты мәселе. Кейде бір сөйлемде бір сөзді екі рет немесе одан да көбірек қайталап қолдануға тура келеді. Егер ондай әдеби сөздің жергілікті халық тілінде диалектілік сыңары бар болса да оны жазушылар көркем әдебиет стилінде қолданады. Бірақ Жамбыл облысы тұрғындарының, тіліндегі *ашық-машық* сөзі сияқты диалектизм сөз қайталаудан қанша қашқанмен де, көркем әдебиет стилінде, авторлық ремаркада қолданылмайды. Осы *ашық-машық (топса)* немесе Жайық маңында аманбыз, сау-сәлеметбіз деген ұғымда жұмсалатын *мұз қара көк (мұздай қара көк* деп те айтады) тәрізді диалектілік құбылысты автор сөзінде қолданудың орынсыздығын былай қойғанда, кейіпкер тілінің өзінде де үнемі ұтымды бола бермейді. Демек, жергілікті тілдік ерекшелікті көркем әдебиет стилінде қолдануда да белгілі бір шек бар.

Ақын жазушылардың қай-қайсысының да шығармасынан (мүмкін біреуінде аз, екіншісінде одан көбірек болар) диалектілік ерекшелік кездеспей отырмайды. Өйткені, әр адам, әсіресе әрбір сөз шебері - таза әдеби тілдің ғана емес, сонымен қоса белгілі дәрежеде, белгілі бір аймаққа тән диалектіні де сақтаушы. Жазушы диалектизмді өзінің авторлық баяндауында әдейі қолдануы да мүмкін. Мұның көркем әдебиет стиліне еш оғаштығы жоқ. Мысалы *ат жегу* деудің орнына кей жерде *ат шегу* деп те айтады. Соңғы -диалектілік ерекшелік – ж мен ш дыбысының алмасуы. Осы алмасу көркем әдебиет стилінде оқатекте бірлі-жарым басқа сөзден де байқалады. Көркем әдебиет стилінде кейде жеке сөз түріндегі, яғни лексикалық диалектизм де кездеседі. Мысалы: **Шақ қана үн қатып, тек қаққан белгі атқан еді** (М.Әуезов). *Шалқалап барып шақ қалдым... Шаршап, талып, шақ жеттік* (Ә.Сәрсенбаев).

Көркем әдебиет стиліндегі авторлық ремаркада шырлағанын, шақ, кызалақ, пәтті, пәті, көз нәлеті тәрізді жергілікті диалектілік ерекшелік сирек ұшырасады. Көркем әдебиет стилінде диалектизм көбінесе диалогта қолданылады. Автор жергілікті жердің тіл ерекшелігін, сөз байлығын аңғартуды көздеп, кейіпкердің қай жақтың адамы екенін байқату үшін әдейі қосады.

Кәсіби сөздер. Диалектизмге қарағанда, кәсіби лексиканың қолданылу аясы кеңірек. Лексиканың бұл саласына белгілі бір аймаққа ғана тән кәсіп түрлерімен, мысалы, көмір өнеркәсібімен, мақта өсірумен, балық шаруашылығымен байланысты сөздер, термин ыңғайында әр түрлі атаулар жатады. Бұлар стиль түрлерінің, жалпы қайсысында да азды-көпті кездесіп отырады. Әсіресе белгілі бір мақтағы жергілікті халықтың күнделікті ауыз екі тілінде және сол облыстың газет тілінде жиі қолданылады. Кәсіби лексика элементі белгілі бір көлемде әдеби шығармаларда да байқалады. Мысалы *Мен бүгін сүген ұстадым. Аудың жалғыз көзіне сағалынан ғана ілініп тұр екен. Ол неменің асау болатыны қайда?*

-Қыста балықта қауқар қала ма.

-Балықтың ішінде, жарықтық, бекіре зой жуасы...

-Онан көрі берегіректе, балық тоңдататын үлкен мұз қала бар. Мұз қаланың түкпірінен еңгезердей біреу шықты. Бұл осы

промсолда қара жұмысшы. Жаз айларында балықты бабына келтіріп тұздайтын **солельщик** (Ә.Нұрпейісов).

Жазушы мақташы не балықшы өмірін суреттеуді мақсат етсе, ол сол шаруашылық саласында бұрын-соңды пайда болған термин сөздерді, жаңа атауларды аттап кете алмайды. Автор оларды көркем әдебиет стилінің шарты бойынша ретіне қарай, қажетінше пайдалана білуге тиіс. Өйтпейінше жазушы өзінің алдына қойған көркемдік мақсатқа толық жете алмас еді. Жоғарыдағы тәрізді белгілі бір кәсіп адамдары туралы жазылған шығармада кәсіби лексика элементтерінің азды-көпті кездесіп отыратыны міне осы себепті.

Пароход енді сол барған жолын кеңейтуге кірісті. Енді экспедиция үш **мотор**, он шақты **мотофлюгаларға**, кішкене қайықтарға бөліне тиеліп, "айқасқа" ұмтылды... Қақпақтары ашылған **трюм** тереңінен іркілдеген ақ **майлар шорши** қарғып **палубаға** түседі. Екі **ит балықты** екі қолына алып **Ақмамбет** те **кубрикке** құлайды. **Рубка** ішінен тек алдыңғы бағытты болмаса, өзге түсты болжай алар емеспін (Ә. Сәрсенбаев).

Осы үзіндідегі *ит балық, сүген, бекіре, ақ май, мұз қала, промсол, пароход, экспедиция, мотор, мотофлюга, қайық, трюм, кубрик, рубка* атаулары кәсіби лексикаға жататын сөздер.

Кәсіби лексиканың әр кезгі даму көрінісін белгілі дәрежеде көркем әдебиет стилінен де көруге болады. Айталық "Қарағанды" романында өндіріс өмірі, кеншілер тұрмысы суреттеледі. Кәсіби лексикада кейін пайда болған атаулар, тың ұғымдар бұл шығарманың тілінен де айқын сезіледі. Мысалы: *Алдында қос темір жолдың түйіскен басында барабан. Барабанға оралған сталь арқанның екі ұшы екі вагонеткада. Машина қайланы жойса, темір астау адам терін суша төккен, ташке, шана түгілі лавадан вагонеткаларды құды.* (Ғ.Мұстафин).

Кәсіби лексика публицистикалық стильде де, мысалы, түрлі жол жазбада, очеркте т. б. ара-тұра қолданылады. Автор оны мұнда да сол суреттеліп отырған уақиғаны оқушының көз алдына нақтылы түрде, дәл елестету үшін пайдаланады.

4) Кірме сөздер. Кірме сөздердің өзіндік қолданылу мақсаты, стильдік ерекшеліктері болу керек. Аударуға болатын басқа тілден енген сөздерді сол қалпында қолдану әдеби норманы бұзғандық емес, белгілі бір стильдік мақсатта жұмсау ерекшеліктері болады. Мысалы Абай «образование» сөзін орыс мектептерінде, орыс тілінде және азаматтық мазмұндағы оқу екенін айыру мақсатында қолданған кеәбір әкімшілік орындары мен қызмет адамдарын нақты әрі дәл беру үшін кейбір орыс сөздерін, тіркестерді аудармай сол күйінде жұмсайды: военный, губернатор, уездной, начальник, т.б.

Кейбір кірме сөздерді түсіндіре кету мақсатымен оған балама боларлық қазақ сөздерін қатар қолданады: *Ол монастырь-сопылар тұратын жер.*

XIX ғасырда *мектеп* – мұсылманша төменгі діни оқу орнының атауы болғандығы, өкімет тарапынан ашылған мектепті «школ» деп атағандығын Абай шығармаларынан білеміз.

Кей ақын-жазушылар кейіпкердің тіл мәдениетін, сөз саптауын, қысқасы, ой-өрісінің төмен екендігін көрсету үшін кірме орыс сөздерін стильдік мақсатта қолданады: *-Айда, давай, көтер, көк мойынды,- дейді* (Б.Майлин).

М.Мағауин «Аласапыран» романында да автор кірме орыс сөздерін орыс сарайындағы қызмет адамдарын суреттеуде жұмсайды: *вот, вор, царевич, приказ, т.б.*

Кірме сөздерді қолдануда стильдік қателер жиі ұшырайды: *Бізді запас бөлшектермен қамтуға тиісті орындарға айтар өкпеміз де бар.*

5)Қарапайым сөздер.

Көбінесе сөйлеу тілі стилінде айтылып, ал әдеби тіл стильдерінде сирек ұшырасатын белгілі бір сөздер бар. Олар тұрпайы мағыналы сөздер. Мұндай қарапайым сөздер ара-тұра көркем әдебиет стилінде белгілі бір стильдік мақсатта жұмсалады.

Жастау жігіт қойнынан бүктелген қағазды шығарып, Қамилаға қарап күлімсіреді:

- Мынаған доңғал басыңды басып жіберші - деп.

- Жоқ, жолдас, кеңсеге бар, мөрді қалтаға салмаймын, кеңседе болады, - деп Камила жауапты қысқа қайырды (Б. Майлин). *Ескендір сияқты судырлар елдің үрейін ұшырып(сонда).*

Осы мысалдардағы доңғал бас (мөр). судырлар (белсенділер) қарапайым сөздері кейіпкер тілінде айтылып тұр. Мұндай стильдік мақсаттағы қарапайым сөздер, негізінен, кейіпкер тілінде қолданылады.

Сөйлеу стиліндегі кейбір теңеу құралдары әдетте тым қарапайым, тіпті қарадүрсін, дөрекі болып келеді. Сөйлеу стиліндегі мұндай сөздердің бәрі бірдей көркем әдебиет стилінде қолданыла бермей, тек авторлық ремаркада ғана ара-тұра кездеседі. Бұл тәрізді жекелеген қарадүрсін сөз қолданыс ертеректегі әдеби шығармалардың тілінде, атап айтқанда, авторлық баяндауда ұшырасатын. Бұған сол кезгі көркем әдебиет үлгілерінен бірер дәлел келтіре кетейік. *Алтысқа қалай қарайсың? - сексенді көзіме тықты, жарықтығым. Берген жокпын. Осы кезде сайтандай Ерден жетіп келді; Шал елу тиынды тастағасын, "тағы, бес тиын тастайын, саған да ырым болсын" деді, бес сом тастап тұрған немедей* (С.Мұқанов). *Әзірленіп қойған екен, бармасаң ол да, мен де қатты ренжимін деп талақтай жабысты.* Бірақ былайғы жерде тілдегі мұндай теңеу құралдары көркем әдебиет стилінің өзінде де сирей бастады. Өйткені, жазушылардың бірте-бірте сөз қолданудағы талғамы, шеберлігі арта түсті. Шынында да, сөйлеу стиліндегі ондай тым қарабайыр сөздер көркем әдебиет стилінің табиғатына, тұтас контекст көлеміндегі көркемдікпен еш үйлеспейді, қайта оны тұрпайыландырып нұқсан келтіріп тұрады. Мысалы: *Сағындықтардан бөлінгеннен кейін сүзисуге аңдысқан бұқадай, Мұрат пен Қайролла біразға дейін пәлендей басты кеңеске кірісе алған жоқ* (сонда). *Жұман дейтін көлбақадай тырбиган біреу менің келгенімді хош алып...* (Б.Майлин). *Мұндай жерде Шақшайдың қимылына ілескен емес. Ол сайтанша жүреді*(І.Жансүгіров).

Сөйлеу тілі лексикасын стильдік тұрғыда сипаттағанда мына бір сөздерді де өз алдына бөле, жеке айту керек. Мысалы *пошым, неме, "көзір", пәленше,*

түгенше тәріздес қарапайым сөздердің, варваризм атаулының, да тіл байлығына жататыны мәлім. Бірақ олар да белгілі бір стильде ғана жұмсалады. Әлгі сөздер, мысалы, сөйлеу тілі лексикасына тән. Осы себепті көбінесе сөйлеу стилінде қолданылады. Сондай-ақ, кейде белгілі бір стильдік мақсат үшін көркем шығармада да, сықақ-мысал түрінде жазылған очерктерде де кездеседі. Ал қалған стиль түрлерінде сирек ұшырасады, негізінен көркем әдебиет стилінде ғана қолданылады.

Түбінде Абайды үлкен жазаға ұшырататын болса, бұл іс бір үлкен көзір болып... (М.Әуезов). *Түпкі үйдің есігінен кептеліп бір қырынан шыққан жеңгей қолындағы бір бөлке нан мен шөлмек пошымдас ораулы газетті көргенде "бұл байғұсты бірдеме шалған екен" деді* (газеттен).

Пәленшені ұрам деп,

Түгеншені қырам деп... (А б а й).

Әдебиеттер

1. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А. 2002.
2. Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. А. 1987
3. Серғалиев М., Нұрғожина Ш. Қазақтың сөйлеу тілінің эмоционалды-экспрессивті лексикасы. А. 1995

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Архаизмдер мен тарихизмдер қандай стильдік қызмет атқарады?
2. Стильдік неологизм дегеніміз не?
3. Диалектизмдердің стильдік ерекшелігі қандай?
4. Кәсіби сөздердің стильдік қызметі
5. Тіліміздегі кірме сөздер туралы не білісіз?
6. Қарапайым сөздер, жаргондардың стильдік ерекшелігі неде?

Тоғызыншы дәріс

Фразеологизмдердің стильдік қолданысы

1. Тілімізде фразеологизмдердің атқаратын қызметі.
2. Фразеологиялық единицалардың эмоционалды-экспрессивтік бояуы
3. Фразеологизмдердің стильдік қасиеттеріне қарай топтастырылуы:
 - а) сөйлеу тілінің фразеологиясы
 - ә) жазаба тіл фразеологиясы
 - б) бейтарап фразеологизмдер.
4. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы

1)Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін ұзақ жылдар бойы зерттеген, ол туралы сөздік шығарған академик І.Кеңесбаев былай дейді: «Стиль - өлгенді тірілтіп, өшкенді жандандыратын дүние десе де болады», - дей келіп, «...сөздің орнын тауып қолдану да стильдік тәсілге апарып соғады, мысалы «аузын айға

білеген» деген әсірелеудің, «атау керенді іш деген» деген қарғыстың, «ұлық болсаң, кішік бол» тәрізді нақылдың, «жұмыртқадан жүн қырққан» деген сараңдықтың сыр-сипаты стильдік функцияда жатыр», - дейді.

Фразеологизмдер тілімізде екі түрлі қызмет атқарады:

1. Фр-лық тұрақты сөз тіркестерінің негізгі қызметі – ол зат, құбылыстардың атын білдіреді (қызыл алаң, құрмет тақтасы, қырғи қабақ соғыс) және сөйлем түрінде келіп, пікір алысу құралы ретінде жұмсалады (көзім ашылды, аузын ашып қалыпты, жақсыдан жаман туған).
2. Бұл сөз орамдары тілімізге образды, бейнелі, мәнерлі рең беруде, тіліміздің эмоциялы-экспрессивті бояуын арттыруда мәні зор. Осы қызметінің стилистика үшін маңызы ерекше. Яғни, образдылық – тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиет. Мысалы, белінен бесік табы кетпеген, (жас), тақырға отыру (алдану), үріп ауызға салғандай (сұлу) т.б.

2) Эмоционалды-экспрессивті бояу тұрақты сөз тіркестеріне де тән. Құрамында бұрыннан қалыптасып тұрақталған айрықша экспрессивті бояуы бар сөз тіркестері бар. Ондай сөз тіркестері сезімге айрықша әсер етеді. «Үріп ауызға салғандай», «жүрек жұтқан» деп жағымды образ туралды айтылса, «қоян жүрек», «тас бауыр» дегендер жағымсыз образ тудыруда әсері айрықша көрінеді.

Экспрессивті тұрақты сөз тіркестері әр түрлі көңіл-күйге байланысты жұмсалады. Мысалы, Көзімнің қарашығы! Іске сәт! Неткен сұмдық! Қара басқыр! Жан қалқам!

Сонымен экспрессивті-эмоционалды бояуы бар тұрақты сөз тіркестерін мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Жағымды, жағымсыз образ тудыру үшін жұмсалатын тіркестер
2. Адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіретін, яғни жақсы көру, еркелетумен байланысты тұрақты сөз тіркестері
3. Тілек, қарғыс мәнді тіркестер

3) Фразеологизмдер стильдік, экспрессивтік ерекшеліктеріне қарай 3 топқа бөлінеді:

- 1) стильаралық (бейтарап) фразеологиялық тіркестер
- 2) сөйлеу тілінің фразеологиясы
- 3) жазба тіл фразеологиясы

Стильаралық фразеологизмдер жалпыға ортақ, барлық стиль түрлерінде жұмсалады. Ешбір экспрессивсіз, зат, құбылыстардың атын білдіреді. Көбінесе термин сөздер: қызыл алаң, қыл тамақ, көгілдір от, соқыр ішек т.б. болып келеді.

Сөйлеу тілінің фразеологиясы тек ауызекі сөйлеуде, күнделікті тұрмыста жұмсалады, сондықтан экспрессивті бояуы басым болып келеді: *ит сілесі қату – шаршау, көк ми – ақымақ, жел беру – қоздыру, миын ашыту – мазалау.*

Сөйлеу тілінің фразеологиясы бірде образдылық мән береді, бірде қарапайым болып келеді: *ит қорлық, құлағының етін жеу.*

Сөйлеу тілі фразеологизмдерінің синоним қабаттары болады, әр түрлі жағдайда құбылып қолданылады: *тайып тұру, табанын жалтырату, жонын бір-ақ көрсету, шаңына ілестірмеу* т.б.

Жазба тіл фразеологиясы көбіне жазу тіліне тән. Көркем шығармаларда поэтикалық сипат, публицистикалық стильде салтанаттылық басым, ғылыми шығармаларда логикалық, дәлдік үшін жұмсалады.

Көнерген фразеологиялық тіркестер көбінесе діни ұғыммен, салт, әдет-ғұрыппен байланысты болады: сегіз жұмақ, ақыр заман, құрбан шалу; ірге көру, ұрын бару.

4)Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Фразеологизмдер көбінесе эмоционалды-экспрессивті қызмет атқарады: ашық ауыз, тас бауыр,, кейде ойды әсерлі жеткізу үшін, бейнелік мағына беруде жұмсалады, ирониялық реңкке де ие болады. Мысалы, «бұл қадірсіз өлім ғой» дегеннен гөрі «бұл ит өлім ғой» десек, ой әлдеқайда өткір, өтімді келеді. Әрине ит өлім жағымсыз өлім. Бұл тіркестің контекстік мағынасында мұқату сезіледі.

Б.Майлин «Күн ұясына батты» дегенді сөйлем мәнін күшейту үшін «күн ұясына кірді» деп қолданады. М.Әуезов «Жүрегінің түгі бар» дегенді күшейтіп «Жүрегінің түгі шыққан» деп әсерлі жұмсайды.

Әдебиеттер

1. Болғанбаев Ә.,Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.А. 2002.
2. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма А. 1998.
3. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тілімізде фразеологизмдердің атқаратын қызметі қандай?
2. Фразеологизмдердің стильдік қасиеттеріне қарай қалай топтастырылады?
3. Сөйлеу тілінің фразеологиясы дегеніміз не?
4. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы жөнінде не білесіз?

Оныншы дәріс

Грамматикалық стилистика

1. Морфологиялық стилистика. Морфологиялық тұлғалардың стиль түрлеріне қатысы.
2. Сөз таптарының стильдік қолданысы.
 - а) зат есімнің стильдік мүмкіншіліктері
 - ә) сын есімнің стилистикалық қызметі.
 - б) сан есімнің стилистикалық қызметі.
 - в) есімдік сөздердің стилі.

1) Стилистика тілдің сөздік құрамымен бірге, оның грамматикалық құрылысын да қамтиды. Грамматикалық стилистика грамматикалық категориялар мен олардың мағыналарының қолданылу жүйесін айқындайды. Морфемалардың қызметіндегі, мағыналарындағы түрлі ерекшеліктері нақты қолданыста ғана ашылады. Кейде дұрыс сөйлемнің өзін бұзып айтып, ондағы

сөздерге жалғанып тұрған морфемалардың қызметіне мән бермеушілік кездеседі.

Әрбір сөз табының өзіндік өзгері заңы, сөз тудыру тәсілі бар. Ол – морфологиялық, синтаксистік және морфология-синтаксистік тәсілдер. Солардың ең өнімдісі – морфологиялық тәсіл, ол арқылы жасалатын сөздердің сөйлемде қолданылуының алуан түрлі сыры бар. Бір форманың өзі толып жатқан қызмет атқарып, бірнеше мағынаға ие бола алады.

Адам ойын айтудың негізгі формасы – сөйлем. Жек сөйлем арқылы біршама аяқталған ойды білдіріп, мақсатты ойды жеткізіп айтуға тиіспіз. Мұндайда әр сөйлемді қалай құру, қандай-қандай сөздерді пайдалану, ол сөздерді қай тұлғада жұмсау, қалай сөзбен байланыстыру керек деген сияқты сұрақтар туады.

Тілдің грамматикалық құрылысы ғасырлар бойы жасалып, әбден қалыптасып қалғандықтан, оны өзгерте салу мүмкін емес. Тілімізде бар заңдылық бойынша дұрыс құрастырылмаған сөйлем кездесе, тосырқап, қынжыламыз. Мысалы М.Сүндетовтың «Күтем, сені, Дидар» повесінде мынадай сөйлемдер кездеседі: *Апам сөйленіп тұр. Жиырмаға биыл күздікте шығам.*

Сонықтан тілдің грамматикалық құрылысын қалай да өзгертуді ойламай, тілде барды дамыту, қызметін кеңейту, керегінде жаңа сөз, жаңа орам, жаңа тіркес енгізу жолымен қарауымыз керек. Осындай мәселелерді грамматикалық стилистика қарастырады.

Морфологиялық тұлға сөздің құрылысы, сөзге жалғанатын қосымшалар. Қосымшалар сөзден сөз тудыру үшін, сөз мағынасын түрлендіру үшін, сөз бен сөзді байланыстыру үшін жұмсалады. Морфологиялық құрамы тұрғысынан кеңсе стилі мен ғылыми стиль бір-біріне жақын. Сондай-ақ публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стилі бір-бірімен орайлас.

Кеңсе стилі мен ғылыми әдебиет стиліне ортақ мынадай морфологиялық тұлғалар бар:

-лық, -лік; мұндай сөздердің көпшілігі терминдік мәнге ие болып, нормаға айналған, қалыптасқан атаулар болып кетті: оқулық, серпінділік, жариялылық, жылылық, сөздік т.б. Кейде осы қосымшаның кез-келген сөздерге жалғануының стильдік қателер кетіп жатады: *Біз мұнда жаңалықта ғана келдік (жаңа ғана).*

-шылық, -шілік; бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздер көбінесе кәсіптің, шаруашылық түрлерінің немесе әлдебір абстракт күй-қалыптың атауы болып отырады: малшғылық, диханшылық, оқытушылық, жұртшылық, шығармашылық.

-ма, -ме... әр түрлі құжат атауларын, жіктелеген зат атауларын жасайтын өнімді тәсіл: әдістеме, жолдама, сілтеме, хабарлама, ескертпе, баспа, анықтама, хаттама т.б.

Кейбір морфологиялық тұлғалар контекст ішінде мәтінге қарай белгілі бір қолданыста пайда болып, сөйлеу стиліне сіңісіп кетеді:

-сымақ – есімдер құрамында қолданылып, кемсіту, жақтырмау, кекету мәндерін тудырады: ақынсымақ, итсымақ, шешенсымақ

Сонымен бірге етістіктер құрамында келіп, бейнелі мән тудыратын қосымшалар да бар:

-би, -ми, -пи, -ши, қи, -ки: ілми, барби, үрпи, ақси, тырси, мықши, жылми, өңки, тыңқи.

Кейде тілде қалыптасқан, орны бар мор-қ тұлғаларды бей-берекет орынсыз қолданып, теріс жұмсау кездеседі: *Бұл істі асығыссыздықпен жүзеге асыру керек (дұрысы - асықпай).*

2) Әр түрлі мағына-мәнері бар, түрлі грамматикалық тұлғаларда жұмсалатын сөз табы – зат есім. Зат есім ғылыми, мәдени коммуникацияда халықтың керегін қанағаттандыратын зат, ұғым атаулар ретінде жиі қолданылады. Олардың қатарына мекеме атаулары, адамдардың қызмет атаулары, өндіріс-шаруашылық заттары т.б. жатады. **Зат есімдер** кітаби стильде дәлдікке, нақтылыққа қызмет етеді.

Зат есімнің көптік жалғаулары көптік ұғымды білдіру үшін қолданылады. Кей сөздер жалғаусыз тұрып та көптік мағына бере алады: шаш, бидай, астық. Ал осы сөздердің бірқатарына жалғау қосылып, автор өз ойын тұспалдап жеткізу үшін қолданады: *талай шашатар азарды.*

Көз, құлақ, аяқ бет, қабақ тәрізді зат атауларының көптік жалғауында қолданылуы айрықша стильдік мән алады. Негізінен, қазақ тілі заңдылығында көптік жалғау жалғанбайды. Алайда, қазіргі тілімізде мағына айқындығы үшін, ойды саралап үшін қажетті стильдік амал. Мынау қолдар – трактор жасаған қолдар (Ғ.Мүсірепов).

Зат есімнің септік жалғаулары да жалғанған сөздеріне әр түрлі қосымша мән үстейді. Кейбір септік жалғаулары түсіріп айту да стильдік мақсаттан туады. Өткен ғасырлардағы ауызша поэзия тілінде бар тәсілдер – бүгінгі таңда жиі қолданылатын көркемдік амалдар. Мысалы ілік, барыс, табыс септіктері мен тәуелдік жалғауларының түсіріліп жұмсалуды - өлең шартынан туатын ерекшеліктер. Мысалы, *Арғымаңың(ды) жамандап, Тұлпар(ды) қайдан шабарсың?* (Асанқайғы). *Тоғай(ға) қондым, өкінбен* (Доспанбет). *Күйбеңдескен көп жаман(ның), Сөзі тигенге ұқсайды* (Шалкиіз). *Ей, Қатағанның хан(ы) Тұрсын* (Марғасқа). Мұндайды тіл ғылымында өлең синтаксисіндегі ықшамдалу тәсілінің бірі дейді.

Кейде сын есімдердің зат есім мәнінде жұмсалуды – сөздің жинақы, ойдың әсерлі болуы үшін ұтымды тәсіл: *арсызбен жолдас болма, күншілге жолама.*

Стильдік мәні бар, түрлі мақсатта жұмсалатын сөз табы – **сын есім**. Сын есімнің стильдік қызметін дұрыс аңғару үшін, оның лексикалық табиғатын жақсы білу қажет. Сын есімдер сын-сипат мәнінде қолданылады. Бірақ сын есім атаулының барлығы бірдей заттанып жұмсала бермейді. Сапалық сын есімдердің көпшілігі әр түрлі мән, реңкке ие болып қолданылса, ал қатыстық сын есімдердің мұндай қасиеттері жоқ. «Үлкен» сөзінің қолданысына назар аударайық. Бұл сөз әр контексте әр қилы мағыналылық реңкке ие, жеке сөзбен де, тіркеспен де берілетін тәсілдері сан алуан: *ірі, үлкен, семіз, орасан, дәу, нән, қапсағай, қазандай, сотқалдай, білектей, түйедей, жардай; нар дене, кебеже қарын, иығына екі түйе мінгендей, түйенің жарты етіндей* деген тіркестер үнемі «үлкен» ұғымын бере бермейді. Мысалы, Бір үлкен іс қылыпсың

(маңызды, көп), Үлкен олжа емес пе. Ірімшік деген қарны ашқа (көп). Жасы үлкендер тегіс жиналыпты (қариялар).

«Үлкен» сөзі ой сөзімен тіркесіп келіп, терең ой, терең толғау деген ұғымда жұмсалады: үлкен ой жоқ, үлкен үй (қара шаңырақ).

«Үлкен» ұғымын жазушылар көркем әдебиет стилінде әр түрлі жолмен береді: *Ашыққан жылқы кетпендей тұяқтарымен қалың қарды бұрқ-сарқ лақтырады* (Ғ.Мүс).

Б.Майлин өз шығармаларында «нашар, әлсіз, жаман» деген сын есімдерді өзінше мүсіндейді: бір күшеншек жазушы әнге булығып, «Сарыарқа» деген пьеса жазды. «Күшеншек» деген сөзді эмоционалды түрде бейнелі қолданған.

Қос сөзді сын есімдер – көркем әдебиет тіліндегі басты суреттеу құралы, әрі экспрессиялық мән туғызу тәсілі:

Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш

Бейне бір ұқсамайтын туғанайға (Абай)

Сан есім – сөз таптарының ішінде стильдік мәні бейнелі тәсілдің аумағында емес, тура және нақты мағына беруде жиі қолданылады. Пифагордың «Дүниені сан билейді» деген сөзі бар. Қазіргі уақытта сан есім нақты ғылымның зерттеу нысаны бола отырып, ғылым мен техниканың даму барысында «цифр тілі» дүниеге келді. Осыған байланысты қоғам өмірінде үлкен ақпараттық деректеменің негізгі көрсеткіші ретінде сан есім нақты стильдік жүк атқара алады.

Мәселен, публицистикалық стильде сан есім белгілі ситуативті мәтіндердің нақты мәліметтерін көрсетуде ерекше сөйлеу экспрессиясының қайнар көзі болып табылады. *2 миллион адам жазып, оқи алмайды, 40 000 адам орыс мектебінде білім алуда, республикада 500 мың адам тіс ауруымен ауырады* («Хабар» арнасынан М.Шахановтың парламентте сөйлеген сөзі)

Ауыз әдебиеті үлгілерінде, батырлық жырларда эпикалық сан есімдер жиі кездеседі: *Алты қанат ақ орда, алты құлаш ақ найза, алты қарыс азулымен айқасқан* арыстан батырдың сыртқы «дизайндық» көркінің моделі сандық жүйемен бейнеленген.

Сол сияқты *миллион ақша ұстап жүр* деген сияқты сан есім біртіндеп көркемдік тәсілге айналып барады.

Адам өмірінің «өмір» деп аталатын кеістігінің әлеуметтік сырын көрсетуші категория ретінде ауыз әдебиетінде, жалпыхалықтық тілде жиі қолданылған *қайран жиырма бес, орда бұзар отыз жас, қылшылдаған қырық, селкілдеген сексен* адамға берілген жастың мөлшеріндегі ерекшелігін анықтау сан есімге тиіп, стильдік эмоция атқара алады.

Есімдік мағынасындағы сөздер белгілі ойды беруде алуан түрлі мағыналық реңкке ие болады.

Сен – жекелік ұғымды беретін жіктеу есімдігі, II жағы, тыңдаушыға, жасы кіші, сырлас адамдарына арналып, жанды, жансыз заттардың орнына қолданыла береді. Жазушы төмендегі сөйлемде *сен* есімдігін қолдану арқылы кейіпкердің жан дүниесін, ашуға толы жүзін елестетеді.

- Сен қанқұйлы тамам елді жылатып болдың ғой, оы итаршылықты қоярмысын? (М.Әуезов)

- Сен бүлдіресің-ақ дегендей боп, Ермақ кемпіріне ежірейе тағы бір қарады. (Б.Майлин)

Диалогті сөйлемдерде есімдіктің қаратпа сөзбен тікелей мағыналық байланысқа түсетін кездері де болады.

- Қыз, сен де желпілдеме,- деді Бәтимаға (Ғ.Мұстафин). Ойды нақтылай түсу үшін есімдік түрін осындай байланыста жұмсайды.

Ол есімдігін қолданғанда, ойды жалғастыру, бір сөзді қайталай бермеу мақсатында қолданады *«Әсіресе елді қатты сағынған Абай болатын. Ол соңғы уақытта Жидебайдағы шешелерін, ауыл-аймағын түсінде де көре беретін»*.

Көркем әдебиеттің тілдік құралдарды стильдік мақсатта пайдалануы шексіздік кеңістігінде толық көріне алады. Ол суреткердің шеберлік тәсілі сөзді көркемдікке, эстетикалық мұрат-мақсатқа құрала білуінде екен. Көркем шығармадағы есімдіктер кейде иллюзиялық қиял тудырады, кейде соған көңіл мұңын шағып риторикалық сұрақ ретінде қолдануда стильдік мағынаға ие болады. *Неге біз осы... жанымызды жанып тұрған отты су құйып өшіреміз... Неге біз осы бұл дүниенің барлық мүлкін арғы дүниеге алып кетердей, мұрнымыздан қан аққанша дүние-боқ жиямыз, а?*

Сонау бір үйірінен адасып қалған шынардың түбінде оның аты байлаулы тұратын (О.Бөкей)

Есімдіктердің сәтті таңдалған варианты ұтымды болғанмен, бұл сөз табын автор тарапынан ерекше көңіл аударуды талап етеді, себебі кейбір сәтсіз алынған есімдіктер стилистикалық қателіктерге ұрындырады.

Әдебиеттер

1. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы. 1988
2. Мұсабекова Ф. Қазақ тіліндегі зат есім стилистикасы. Алматы.1976.
3. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. Алматы, 1977.
4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы, 1984.
5. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Алматы, 2005.
6. Формановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. Москва, 1989.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Морфологиялық стилистика дегеніміз не?
2. Зат есімнің стильдік ерекшеліктерін атаңыз
3. Сын есімнің стилистикалық қызметі қандай?
4. Сан есімнің қандай стилистикалық қызмет атқарады?
6. Есімдік сөздердің стилі ерекшелігі неде?

Он екінші дәріс

Сөз таптарының стильдік қолданысы

1. Етістіктің стилистикалық қызметі
2. Үстеудің стилистикалық қызметі
3. Одағайлардың стилистикалық қызметі

4. Еліктеуіш сөздердің стилистикалық қызметі

1) Етістік тұлғалардың қызметі, түрлі мағыналық реңктері, нақыш-бояулары, экспрессивтілі көркем шығарма тілінде айқындалады. Мәселен, шақ, рай, көсемше т.б. тұлғалы етістіктердің, болымсыздық формасының стильдік жұмсалыу мүмкіншіліктері кең. Етістік тұлғаларының модальдылығын, экспрессивтілігін күшейте түсетін элементтер де (демеулік шылаулар, одағай, қыстырма сөздер, есімдік, үстеу) айрықша қызмет атқарады.

Етістіктің рай тұлғаларының әртүрлі модальдық реңктері (өкіну, ренжу, тілек, ұсыныс т.т.) жеткізудегі стильдік тәсілдер екендігі айқын (оған сәлем айтқайсың, бірауыздан дауыс берейік). Немесе жақтық тұлғалардың да әр түрлі стильдік мән-мағына берудегі мүмкіндігі мол. Мысалы, *мына өлеңге назар аударайық* – *назар аударыңдар* (II жақ) деудің орнына *назар аударайық* (I жақ) деп қолдануда үлкен мән бар.

Етістіктің көсемше категориясының да экспрессивтілікті тудыруда стильдік қызметі кең. Мәселен, Абай ойды бейнелі жеткізуде, портрет жасауда, психологиялық хал-ахуалды суреттеуде осы тұлғаларды образды етістіктерді шоғырлап қолданды.

«Болыс болдым мінекей» деген өлеңінде болыс, пысықтардың портретін жасауда жалпылдап, барқылдап, шаңқылдап, тарпылдап, дікілдеп, өкімдеп, күпілдеп, шыбындап, жымыңдап т.б.- көсемше тұлғалы етістіктер орынды жұмсалған.

Кейбір етістік тұлғалары сұрыпталып, белгілі бір стиль түрлерінде ғана жұмсалады, сол стильдің өзіндік белгілері болып табылады. Ырықсыз етіс тұлғасындағы өткен шақ етістіктер – іс қағаздары стильіне тән (қол қойылды, өтініш берілді, іс қаралды т.т.), -сын, -сін бұйрық рай тұлғасы ресми стильге тән ерекшелік болып табылады.

2) Үстеулердің стилистикалық мәнін олардың грамматикалық формалары анықтайды. Қазақ тіліндегі үстеулер – қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгілерін жүзеге асу тәсілін, мекенін, мезгіл, жай-күйін білдіретін сөздер, бұл сөздер әр стильде өзінің белгілі стильдік салмағымен ерекшеленіп отырады. Сөйлемде пысықтауыш қызметін атқаратын етістікпен жанасып, кейде сын есім, кейде үстеу түрінде келетін сөздер табиғатын талдау оңайлыққа түспейді.

Үстеулердің стилистикалық мәні мен мағынасын көрсетуде оны жеке-дара алып қарағаннан гөрі басқа сөз таптарымен селбестіре қарастыру арқылы стилистикалық мүмкіндіктерін ашуымызға болады. Функциональдық стильдердегі үстеулердің мезгілдік, мекендік, мөлшерлік, көлемдік түрлері мен сын-бейне үстеулерінің стильдік мәні айрықша. Адресант қабылдаушысын, адресатын бей-жай қалдыра алмайды, өз сөзінде стилистикалық белсенділігін әр уақытта көрсетіп отырады. Үстеулердің бір ерекшелігі мынада: сын есімнен оның шырай жұрнақтары арқылы жасалынған негізгі үстеулер де өзінің эмоционалдық күш-қуаты жағынан басқа сөз таптарынан қалыспайды.

БАҚ тіліндегі *Бүгін* Алматыда 10 градус жылы немесе 35 градус нөлден төмен. *Кеше* Алматыда кататэден халықаралық жарыс өткізілді деген сияқты мезгілдік үстеулер оқиғалардың арқауы болатын сәттерінде қабылдаушыны

елең еткізері анық. Ресми стильде мезгіл, мекен үстеулері айғақты,, дәлелді деректемелер үшін соны сипаттап, дәлелдеп көрсетуде үлкен стильдік сұранысқа ие бола алады.

Бірде үстеулік, бірде сын есім қатарынан орын алатын мағыналық реңкі контексте орын алатын мағыналық реңкі контексте байқалатын үстеулердің де стильдік бояуы адресанттың қолданыс аясына тікелей байланысты болып келеді. *Ол ұзақ сөйледі* немесе *жол ұзақ сияқты* сөйлемдерде үстеулердің әуені бірдей емес. Қыстың ұз-а-а-а-қ кеші (О.Бөкей). Соңғы сөйлем көркем әдебиет стиліне тән болғандықтан, автордың шеберлік стилінде ерекше эмотивті мәнге ие болған. Ол көркем мәтіндегі бітпейтін уақыт категориясын көрсетуді мақсат етеді.

3) Одағай сөздер адамның көңіл-күйін, сезімін білдіреді, жеке тұрып лексикалық мағына бере алмаса да, олар саны жағынан өте мол, семантикалық-стилистикалық құбылуы ерекше сөздер қатарынан орын алады. «Өмір ай, ой, ah, уh, фу, тфу деген алты-ақ одағайдан тұрады», - деп Бальзак айтқандай, одағайдың стилистикалық салмағы контекст пен ситуацияда жеке тұлғаның когнитивті шынайылығының нақты мәнін баяндап береді. Семантикалық реңкі мол болғандықтан, стилистикалық мән мән мен мазмұнға өте бай болып келеді.

Одағайлардың қолданылуы контекстке әрі ситуацияға қатысты. Айналадағы қоршаған зат пен құбылысқа қатысты адамның көңіл-күйі сезімге толы болады. Олар жағымды және жағымсыз болып келеді, бірақ осылардың өзі де айтушының интонациясына немесе мәтіндегі басқа тілдік бірліктермен тіркескенде әр түрлі мағыналық реңкке ие болады. Жағымды, жағымсыз эмоцияның өзі іштей түрленіп отырады, бірле стильдік өңі солғын, бірде бояуы тым қалың да болуы мүмкін.

Басқа сөз таптарына қарағанда одағайлар ғылыми және ресми стильде кездеспейді, тіпті белгілі дәрежеде үлес салмағы жоқ деуге болады.

Мысалы ә одағайы – айтылу ситуациясына қарай көп мағыналы одағайға жатады. Бірде сұрақ мәнін берсе, бірде қостау мәнін береді.

4) Еліктеуіш сөздер қазақ тілінің ұлттық дүниетанымының негізгі басты қасиеттерін анықтайды. Олар - көне тілдік қор, бейнелі көркемдік қасиеті, стильдік мәнері арқылы ұлт тілінің нақышты шұрайлы бөлігі болып табылады, сондықтан оны стилистикалық тұрғыдан оның әлі ашылмаған ұлттық тілдің бояулы өрнегін стилистикалық тұрғыдан бағамдауға, түсінуге көмектеседі.

Әсіресе, еліктеуіш сөз дыбыс ұйқасымдылығына құрыла келіп, сезімді селт еткізер мәнерімен айрықша қолданыста жиі ұшырасады. Мысалы,

Жанарын-ай, жанары тамаша екен!

Жалт етіп тағы бір қараса екен,

Қыран баулап өсірген бала бүркіт!

Қандай ғана қазақтың баласы екен! (М.Мақатаев).

Осындағы адамның көз жанарының сөзбен жеткізіп бере алмас сәулелі нұрын адам жүрегіне шоқ тастар, сұлулыққа табынтып «жалт» етіп қарауы адресаттың үміт-тілегі бейнелеуіш еліктеуіш сөзі арқылы әсерлі берілген.

Әдебиеттер

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. А., 2000
2. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. А., 1977.
3. Будагова Р.А. Литературные языки и языковые стили. М., 1964.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. А., 1985.
5. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқытудың методикасы. А., 1985.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Етістіктің стилистикалық қызметін атп беріңіз
2. Үстеудің стилистикалық қызметі қандай?
3. Одағайлардың қандай стилистикалық қызмет атқарады?
4. Еліктеуіш сөздердің стилистикалық қызметі

Он үшінші дәріс

Жай сөйлемдердің стилистикалық қызметі

1. Хабарлы сөйлемдер
2. Сұраулы сөйлемдер
3. Бұйрықты сөйлемдер
4. Лепті сөйлемдер

1. Кісінің басқаға айтатын ойының әр уақытта мақсаты болады: кейде бір істің, бірдененің жайын хабарлауды мақсат етсек, кейде басқадан бірденені сұрап білуді мақсат етеміз. Немесе біреуге бірдене істетуді көздесек, кейде айтылған ойға айтушының көңіл-күйін білдіруді көздеп сөйлейміз. Сол мақсаттарға лайық сөйлемдер түрі, құрылысы, негізінде, төрт түрлі болатыны белгілі: х а б а р л ы , с ұ р а у л ы , б ұ й р ы қ т ы , л е п т і .

Сөйлемнің осы түрлері жұмсалуды мен мағыналық жақындығы не алшақтығы жағынан ерекше стильдік қызмет атқарады.

Хабарлы сөйлем - адамның ойын, көрген-білгенін басқаға айтудың формасы. Хабарлы сөйлем арқылы шындық өмірдегі әр түрлі құбылыстардың жайын бар (болған) не болмаған қалпында баяндаймыз. Хабарлы сөйлемдердің мазмұны әр алуан болатынын ескеріп, алдымен олардың *болымды* және *болымсыз* түрлерін стилистика талғамдары тұрғысынан екі бөліп қараймыз.

Б о л ы м д ы сөйлем арқылы өмір құбылыстары шындық байланыс күйінде, бар қалпында, оған сөйлеушінің субъективті көзқарасы қоса баяндалады. Мысалы: *Күн қызыл арай шатырынан жаңа гана шыққан* (Ғ.Мұстафин). *Ораз терезеден басын сұғып тұр екен* (З.Шашкин). Бұл сөйлемдердегі хабарға айтушының көзі жетіп баяндағаны аңғарылады. *Баяғыда бір хан болған екен. Оның екі ұлы болыпты* деген хабарлар айтушының өзі көрмеген, жақсы білмеген, бірақ есіткен оқиға түрінде баяндалған.

Осындай сөйлемде айтылған ойға айтушының субъективті көзқарасын да білдіруін сөйлемнің модальдігі дейміз.

Болымды сөйлемнің модальді мағынасы көбінесе баяндауыштар құрамын түрлендіру арқылы құбылып отырады.

Мысалы:

1. *Жолаушылар таң ата жүріп кетті.*
2. *Жолаушылар таң ата жүріп кетіпті.*
3. *Жолаушылар таң ата жүріп кететін шығар.*

Бірінші сөйлемде іс сөйлеушінің көз алдында болса, екінші сөйлем олай емес, (*...жүріп кететін шығар*) хабарланған істің орындалуына, жолаушылардың қашан жүретініне сөйлеушінің көзі жетпей, болжап айтқаны аңғарылады.

Қазақ тілінде болымды сөйлемді осылардай күмәнды, болжамды етіп айтудың бірнеше тәсілдері бар: к ү м ә н д ы

1. *Жолаушылар жүріп кетіпті.*
2. *Жолаушылар жүріп кеткен көрінеді.*
3. *Жолаушылар жүріп кетсе керек.*
4. *Жолаушылар жүріп кеткен сияқты.*
5. *Жолаушылар жүріп кеткенге ұқсайды.*

Болжалды

1. *Жолаушылар жүріп кеткен шығар.*
- Жолаушылар жүріп кеткен болар.*
- Жолаушылар жүріп кеткен білем.*
4. *Жолаушылар жүріп кеткен болса керек.*
5. *Жолаушылар жүріп кеткен зой деймін.*

Бір модальділік мағынаның осыншама көп синонимдерінің болуы қазақ тілі сөйлемдерінің стильдік мүмкіншілігінің молдығын, болымды сөйлемдердің стильдік бояуларының әр алуан екенін көрсетеді. Бұларды таңдап, талғап өз орнында жұмсай білу керек.

Күмәнды білдіретін хабарлы сөйлемдер қатарына енбей тұрған тағы бір түрі бар. Ол **-мыс** шылауы арқылы жасалады. Мұны бөліп шығарған себебіміз оның ерекше экспрессивтік те мағынасы бар. **-мыс** шылауы арқылы жасалатын күмәнды сөйлем айтушының айғақ пікіріне басқа біреудің жөнсіз күмәнданғандығын білдіреді, мысалы: *Қарымсақтың көзінен бүршіктеген жас шығыпты-мыс* (Б.Майлин). *Аш-жалаңаш болмайсың, өзің би, өзің төре боласың, - деп Абдол оны қызықтырыпты-мыс* (Б. Майлин).

Болымды сөйлемді болымсыз тұлғалы сөйлемдермен алмастыру да кездеседі. Ондайда хабарланатын ойдың ерекше экспрессивті мәні болады. Мысалы: *Мен ол үйге барамын - Мен ол үйге бармай тұра алмаймын. Мен ол үйге бармасам болмайды. Жаз жайлауға көшу керек - Жаз жайлауға көшпейінше болмайды. Жаз жайлауға көшпей тұра алмайсың.*

Болымсыз сөйлем ұғым арасында байланыстың жоқтығын көрсетеді. Қазақ тілінде болымсыз сөйлем жасаудың бірнеше амалы болатындықтан, оларды талғап жұмсай алудың стильдік мәні бар. Мысалы: *Ол бүгін келмеді - Ол бүгін*

келген жоқ. Таудың қары әлі ерімеді - Таудың қары әлі еріген жоқ. Аспан ашылмас - Аспан ашылатын емес -Аспанның ашылатын түрі жоқ. Бұлар өз ара мәндес болғанмен, стильдік қызметтері бірдей емес: *Ол келмеді - жай хабар.* Осындағы *келмеді* сөзінің болымсыздық мағынасын күшейту үшін, оны *келген жоқ* деп айтамыз. Сондай-ақ, *Аспан ашылмас - әшейін болымсыздық болжам ғана, ал оның орнына - Аспан ашылатын емес, Аспанның ашылатын түрі жоқ* десек, болымсыздық, хабарда айтылған ой күшейтіліп жұмсалған болады.

Төмендегі сөйлемдердің де сондай мағышалық айырмашылығы бар. Оларды салыстырып, қайсысының болымсыздық мағынасы босаң не қатаң екенін айырыңыз:

Содан бері ол біздің үйге кірген жоқ еді (Ғ.Сланов). Содан бері ол біздің үйге кірген емес. Жоқ, әкем өртенгенмен, мен өртенбеспін (С.Мұқанов). Жоқ, әкем өртенгенмен, мен өртенем қоймаспын. ... Мені ол топырақтан жұла алмас! Туған жеріме деген мөлдір махаббатымды енді ешкім де сөндіре алмас! (С.Мұқанов). Мені ол топырақтан жұлып тастай алмайды! Туған жеріме деген мөлдір махаббатымды енді ешкімде сөндіре алмақ емес!

Болымсыз тұлғалы сөйлемдерді болымды етіп айтудың стильдік қызметі ерекше. *Бүгін барамын. Бүгін бармасам болмайды. Мен енді айтамын. Мен енді айтпай тұра алмаймын. Ол қайда болса, сонда жүре береді. - Оның жүрмейтін жері жоқ.* Бұл мысалдардың екінші түрлерінің әрқайсысы екі-екіден болымсыздық тұлғада жұмсалған. Математикада минус пен минус плюс болатынындай, болымсыз бен болымсыз тұлға жарыса айтылып, болымды мағына пайда болады. Болымды сөйлемді осылай болымсыз тұлғалардан құрастырудың стильдік қызметі ерекше. Солар арқылы айтылған болымды хабар әдетте өткір тілділіктің, эмоциялы сезімнің нысанасы болып ұғынылады.

Сол сияқты кейбір сұраулы сөйлемді де хабарлы етіп айтуға болады:

- Бұл не ғып жүр? Әлде күзеуінің оты тозды ма екен?

- Е, тәйір, күзектің шөбі бітуші ме еді? Тұнып тұр.

Құлқын сәріден қыстауға барып, қыстыгүні несін жейді?(М.Әуезов).

- Біздің ауылға барасың ғой, қызым?

- Бармағанда қайтем? (Ғ.Сланов).

Осындай сұраққа сұрақ түрінде берілген жауаптың мағыналары жай хабар болып қалмайды, кісінің ішкі сезімін, лажының жоқтығын, өтінішін т. б. модальді мағынаны қоса хабарлайды. Кейбір сұраулы сөйлемдер кісінің күмәнін, таңдануын, кейігенін, сенімсіздігін қоса білдіреді де, бірқатары болымсыз сөйлемнің орнына жұмсалады.

Дәмеш өз жүрегінің соғуын өзі түсіне ме екен?-Түсінбейді.

- Бір қалған көңіл жіби ме? (З. Шашкин) - Жібімейді.

- Арық адамның көзі өткір болады екен-ау?! Мені білмейді деймісің?! (Ғ.Мүсірепов). - Білемін.

3. Кейде хабарлауға тиісті ой тікелей сұраулы сөйлем түрінде баяндалады. Оны риторикалық (шешендік) сұрақ дейміз:

*Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?(А б а й).
Жылағанда көзіме
Қанды жасым тола ма?
Тауға біткен бәйшешек
Қураса, бір күн сола ма? («Алпамыс»)*

Сұраққа жауап алу мақсатымен емес, кісінің сезімін қоса хабарлау үшін жұмсалатын сұраулы сөйлемдерді жұмсай білу керек. Олар - кісінің ойын мәнерлі түрде әсерлі етіп айтудың өте ұтымды амалы. Мысалы: *Сіз де келеді екенсіз-ау?* деген сұраулық интонациямен айтылады. Оны айтқан кісі басқадан жауап күтпейді, тек біреудің келгеніне әрі қуанышын, әрі таңданғанын білдіреді. *Өз балаңа сенбегенде, енді кімге сенесің?* деген де жауап күтпейтін сұраулы сөйлем, мұны есіткен (не оқыған) адам сөйлеуші балаға сену керек деген ойды күшейтіп, бір түрлі кейіспен айтқанын аңғартады.

Көркем әдебиетте жиі ұшырайтын шешендік күрделі орамдар үстемеленген сұраулы сөйлемдер түрінде де жұмсалады. Ол сұраулы сөйлем тізбектері басқа бір елеулі іс-әрекеттің, болмыстың себептері орайында жұмсалады. Мысалы, "Абай" романының бірінші кітабында жас Абайдың ақын-жыраулардан есіткен-білгеннеп алған әсерін М.Әуезов былай суреттейді:

Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба, немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете желген әнінен бе, бебеу қаққан қоңыр, майда, баяу домбырадан ба, қалайда болса Абай бұл күнге шейін өмірде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар ешнәрсе есітпеген сияқты болды.

4. Бұйрықты сөйлемдердің де мазмұны біркелкі бола бермейді. Олардың әр түрлі болу себебі бұйрық қалай, қандай жағдайда, қандай мақсатпен айтылғанымен байланысты. Сонысына қарап бұйрықты сөйлемдердің интонациясы, баяндауыштарының құрамы, сөйлемде орналасу тәртібі әр түрлі болады. Мысалы: *1. Шыныңды айт! 2. Шыныңды айтшы. 3. Шыныңды айта гой! 4. Шыныңды айтуың гой. 5. Шыныңды айтсаң болмас па еді.* Бұл сөйлемдердің, мағыналары біріне-бірі жақын, негізгі баяндауыш қызметіндегі сөзі (айт) бәріне ортақ болғанмен, олардың мазмұны бірдей емес: бірінші сөйлем - қатаң бұйрықты, екінші - тілекті, үшінші - жалынышты, төртінші - өкінішті білдірсе, бесінші сөйлем оның үстіне наразылықты білдіреді. Ол сөйлемдердің осындай эмоциялық мағыналары баяндауыштардың құрамын түрлендіруден болып тұр. *Көзіме көрінбей жоғал!* дегенді *Жоғал көзіме көрінбей!* деуге болады. Екеуі де - бұйрықты сөйлем. Бірақ екеуінің мазмұны бірдей емес: бірінші сөйлем жай кейіспен айтылған ойды білдірсе, екіншісі қатты ашумен кіжіне айтылған қатаң бұйрықты аңғартады. Сонысына лайық ол екі сөйлем екі түрлі әуенмен айтуға тиіс. *Көзіме көрінбей жоғал!* - бәсең дауыспен, *Жоғал көзіме көрінбей!* - қатаң, көтеріңкі дауыспен айтылады.

Бұйрықты сөйлемдер сөйлеу тілі стиліне тән, олар диалог түрінде ықшам, кейде қаратпа сөзді болады.

Осындай ерекшеліктеріне қарай, бұйрықты сөйлемдер бірнеше мағыналық топқа бөлінеді:

1. **Қатал бұйрықты:** - *Өшір үніңді!*(Ә.Сәрсенбаев). *Жоғал көзіме көрінбей!* (С.Ерубәев). - *Көрсетпе көз жасыңды!* (М.Әуезов).

2. **Солғын бұйрық:** - *Қарындасым, ондай өтірікті айтушы болма!* (Ә.Әбішев). - *Кәне, жігіттер, аттарыңды қамаңдар!* (С.Мұқанов).

3. **Тілек, өтініш мәнді бұйрық:** - *Балам, жөніңді айшы!* (М.Әуезов). - *Келші, қалқам, менің қасыма отыршы! Бір ауыз ғана сөз айтайын, қатар отырып тыңдаңыздаршы!* (Ә.Әбішев).

4. **Сес көрсету, қорқыту мәнді бұйрық:** - *Кәне, тіл алмай көрші.* - *Кәне, осы баланың бәйгесін бермей көрші!* (Ғ.Сланов). - *Менсіз сол үйге барып көрші!*

5. **Өсиет, үндеу мәнді бұйрық:** - *Темірді қызған кезде соқ. Жаманнан без, жақсыдан үлгі ал. Жолдастар, егіннен мол өнім алатын болыңдар! Сыр сандықты ашып қара, Ашып қара, сырласым! Сым пернені басып қара, Басып қара, жырласын!*(С.Сейфуллин)

Осылардың бәрі - бұйрықты сөйлемдердің түрлі стильдік қызметте жұмсалыуының мысалдары. Олардың сондай айырмашылықтарын дұрыс танып, әр түрін өз орнында пайдалана білу керек.

3. Лепті сөйлемдер кісінің таңырқау, таңдану, қайғыру, аяу, арман ету сияқты көңіл -күйін, сезімін білдіру үшін көбінесе көркем әдебиетте жұмсалады. Лепті сөйлемдер құрамында әдетте одағайлар болады және олар көтеріңкі дауыспен айтылады. Лепті сөйлемдердің негізгі мағыналық топтары мыналар:

1. **Таңырқау:**

- *Қандай тамаша! Қандай ақылды адам! Тіпті, гажәп қарқын?* (Ғ.Мұстафин). *Айналаңа қарашы! Дүние қандай сәнді!* (Ғ. Сланов). *Жеріміз біздің неткен бай!..* (Х.Ерғалиев).

2. **Таңдану:**

- *Пай-пай, мына аттың жүрісін-ай!*

- *Ой, қандай сүйкімді үн!*

- *Мынау не деген тамаша көріністер!* (С.Шаймерденов).

- *Апырай, желісінің қаттысын-ай!*(Ғ.Мүсірепов).

3. **Қайғыру, қорқу:**

- *Апыр-ай, аман болғай-ақ та!* (Ғ.Мүсірепов).

- *Құлады-ау! құлайды-ау?* (Ғ.Мұстафин).

4. **Аяу, жаны ашу:**

- *Ой, байғұс бала-ай! Қарадай баламды тағы шырылдатты-ау, қан ішер Майбасар!* (М. Әуезов). - *Апырай, аман болғай-ақ та!* (Ғ.Мүсірепов). - *Әй, мынаны-ай! Кетеді-ау!*(Т.Нұртазин).

5. **Арман ету, көксеу:**

- *Әттең, осылардың бәрі де біздің ауылда өсетін болса!*(С.Шаймерденов). *Мына көгалға бауырыңды төсеп жатсаң!*

- *Па, шіркін, мына атқа мінер ме еді!*

6. Ө к і н у:

- *Қап, астықты кеше жинап алмаған екенбіз де! Әттеген-ай, кеше есте болмапты-ау!* - *Қап, мен де барсамшы!*

- *Жиналысты кеше шақыру керек еді зой!*

- *Қолыңыздан келмейтін балса, айтуыңыз керек еді зой!*(М.Иманжанов).

7. Қ о р қ у, с е с к е н у:

- *Ойбай-ай, ана бала құлайды-ау!* (Т. Нұртазин).

Осы мысалдардан лепті сөйлемдердің мазмұны кісінің әр алуан сезімін, көңіл күйін білдіретінін аңғаруға болады. Стилистика ғылымы тұрғысынан сөйлемдердің мұндай эмоциялық мағыналарын түсініп жұмсай білудің үлкен мәні бар. Мұндайда сөйлемді лепті етуге себепкер болатын одағай сөздердің мағыналарын айырып, басқа сөздермен мағыналық байланыста жұмсай білу керек. Оның үстіне лепті сөйлемде айтылатын ойдың қандай эмоциялы сезімде берілгенін білген жөн.

Әдебиеттер

1. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы. 1988
2. Мұсабекова Ф. Қазақ тіліндегі зат есім стилистикасы. Алматы.1976.
3. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. Алматы, 1981.
4. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. Алматы, 2000.
5. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. Алматы, 1977.
6. Ключев Е.В. Речевая көммуникация. Москва, 2002
7. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Алматы, 2005.
8. Формановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. Мосва, 1989.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Хабарлы сөйлемдердің стилистикалық қызметі
2. Сұраулы сөйлемдердің стильдік қызметі қандай?
3. Риторикалық сөйлемдердің ерекшелігі неде?
3. Бұйрықты сөйлемдер интонациялық ерекшелігін атаңыз
4. Лепті сөйлемдердің мағыналық топтарын атаңыз

Сырттай бөлім студенттеріне арналған бақылау жұмысы тапсырмалары

Бірінші нұсқа

Стилистиканың жалпы мәселелері

1. Стилистиканың анықтамасы, лингвистикалық пән ретінде қалыптасуы, зерттейтін мәселелері, алдағы міндеттері, оны оқытудың маңызы.
2. Стилистиканың зерттеу нысаны, салалары, тіл біліміндегі алатын орны.
3. Стилистика мен тіл мәдениетінің арақатынасы. Әдеби норма және стилистикалық нормалар.

Әдебиеттер

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
2. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқытудың методикасы. А., 1985.
3. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. А., 2000.
4. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
5. Мұсабекова Ф. Қазақ тілі стилистикасының мәселелері (методикалық талдау) А., 1979.
6. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А., 1984.

Екінші нұсқа

Функционалды стилистика

1. «Функционалды стиль» термині мен оның анықтамасы.
